Сыр бойы

26 қараша сейсенбі | 2013 жыл №177 (18676) | Қызылорда облыстық газеті | 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады | www.syrboyi.kz

САПАР

КЕЛІНТӨБЕДЕ – МЕКТЕП, СҰЛУТӨБЕДЕ – ЕМХАНА

ауылдарда жаңа нысандар іске қосылды

Облыс әкімі Қырымбек Көшербаев өткен сенбі күні Жаңақорған, Шиелі аудандарында болып, бірқатар әлеуметтік нысандардағы жұмыс барысымен танысты.

Аймақ басшысы мінген тікұшақ әуелі Жаңақорған ауданындағы Төменарық елді мекені маңына аялдады. Облыс әкімі бұл жерде дария жағалауына салынған қорғаныс бөгеттерінің сапасымен танысты. Қыс айларында Сыр өзенінің буырқана тасып, жағаға шығып кететін ұрма тұсы осы арада. 2005-жылғы тасқын кезінде қырықтан астам тұрғын үй су астында қалып, тұрғындар едәуір жапа шеккен болатын. Сонан бері бұл жерге ерекше сақтықпен қарап, жағалаудағы қорғаныстарды нықтап отыру төтенше жағдайлар мекемесінің маңызды жұмыстарының бірі. Қырымбек Елеуұлы сала басшыларының мәлімдемелеріне құлақ түре тұрып, өз тапсырмаларын да берді.

Төменарық маңына ат басын бұрудың тағы бір мәнісі осы жерде келер жылы құрылысы қолға алынуға тиіс үрлемелі су топсасын орналастырудың жай-күйіне де қатысты еді. Жаңақорған ауданындағы құны 1 млрд. теңге тұратын осындай су тоспасы жақында ғана пайдалануға берілсе, ендігі кезек, жаз айларында қанал сулары егістік алқапқа жетпей асылып қала беретін Шиелі ауданына да келген секілді. Ағын суға қатысты күрделі мәселелер шешімін тапса, атакәсіптен қол үзбеген аудан халқы үшін де барынша тиімді, тіршілік жағдайын жақсартуға қолайлы болмақ.

Қырымбек Көшербаев одан кейін ат басын Келінтөбе ауылына бұрды. Мұндағы 900 балаға арналған жаңа мектеп ғимаратының пайдалануға берілгеніне көп уақыт бола қойған жоқ. Біршама уақыт қаржы мәселесімен құрылысы қожыраған мектеп жұмысы аймақ басшысының араласуымен қайта жолға қойылған болатын-ды. Міне, енді ондағы білім беру үрдісімен танысудың реті келген сыңайлы. Жаңа ғимаратта заманауи оқу процесіне сай барлық жағдай жасалынған. Пәндік кабинеттер соңғы үлгіде жасақталса, балалардың кәсіпке ерте бастан үйренуі үшін қолөнер кабинеттері де жұмыс істеп тұр. Ер балалар ағаш, темір жону жұмыстарын үйренсе, қыз бабалар іс тігуге қалыптасады. Бұл жөнінде мектеп директоры Нағи Кеншімбаев мәлім етсе, ауыл үлкендері келбетіне көркі сай сәулетті ғимараттың ауыл ортасынан салынуына ризашылықтарын білдірісіп, әкімге алғыстарын айтты. Ауылдық округ орталығында биыл салынған «Құралай» балалар бақшасы да ауылдың сәнін кіргізіп, жас аналардың өз кәсібімен қолбайлаусыз шұғылдануына мүмкіндік береді. Аймақ басшысы бұл мекенге де аялдады.

Аудандық мәслихат депутаты Тұрдалы Қалдыбаев, ауыл шаруашылығының білікті маманы Керімхан Егізбаев бастаған ауыл азаматтарымен емен-жарқын әңгіме өрбіткен Қырымбек Елеуұлы Елбасы тапсырмаларына сай Сыр өңіріндегі басты атқарылып жатқан жұмыстар жайына да тоқталды. «Жаңақорған атакәсіпке де, индустриялық-инновациялық жобаларды кеңінен қолға алуға да қолайлы аймақ ретінде ерекше орын алады.

2-бет

Облыс әкімі Қырымбек Көшербаевтың төрағалығымен өткен тұрақты кеңесте үш мәселе қаралды. Кеңес басталмас бұрын облыс әкімінің өкімімен облыстық ішкі саясат басқармасының басшысы Нұрхан Жәлиевтің өзге қызметке ауысуына байланысты лауазымынан босатылғаны туралы айтылды. Аймақ басшысы Нұрхан Бұқарбайұлына облыстың қоғамдық саяси өміріне белсене араласып, ішкі саяси тұрақтылықты сақтауға, осы бағыттағы мемлекеттік саясатты жүзеге асырудағы ерекше қызметін жоғары бағалай отырып, алғыс білдірді. Ел игілігі жолындағы еңбегіне табыс, отбасына амандық тіледі.

МЕРЕКЕ КҮНДЕРІ МАҢЫЗЫ ЗОР ШАРАЛАРҒА АЙНАЛАДЫ

ТҰРАҚТЫ КЕҢЕС

Күн тәртібіндегі алғашқы мәселе алда келе жатқан мемлекеттік маңызы зор мерекелер барысында атқарылатын шаралар туралы өрбіді. Облыс әкімінің орынбасары Ақмарал Әлназарованың мәлімдеуінше, елімізде биыл екінші рет аталып өткелі тұрған Тұңғыш Президент күні мерекесі маңызы зор халықтық шараға айналуы қажет. Өскелең ұрпақ бұл шараны жаңғыртудың, жаңашылдықтың белгісі ғана емес, өткеннің өнегесі ретінде де есінде сақтауы тиіс. Бүгінде мерекелерді атап өту жөнінде іс-шара жоспары бекітіліп, оның аясында салтанатты жиындар ұйымдастырылатын болады. Мереке күндері Сыр жұртшылығына жеңілдетілген бағамен түрлі тауар сатылымдары ұсынылып, бірқатар әлеуметтік нысандар пайдалануға беріледі. Сонымен қатар, жас мемлекеттік қызметшілердің салтанатты түрде ант қабылдау рәсімі, қайырымдылық акциялары болады. Елбасының жүргізіп отырған салиқалы саясатын насихаттайтын ғылыми-тәжірибелік конференциялар, тақырыптық көрмелер ұйымдастырылады.

Қарашаның 26-сында Н.Бекежанов атындағы драма театрында «Балалық шағымның аспаны» фильмінің режиссері Рүстем Әбдірашев пен басты рөлдегі актер Нұрлан Әлімжановпен кездесу өткізіліп, фильмді тамашалау жоспарлануда. Ал, 30-қарашада арнайы салтанатты жиын өтеді. Желтоқсанның бірінде орталық алаңнан бастап Тұңғыш Президент атындағы саябағына дейін авто және велошеру ұйымдастырылып, онда тал егу рәсімі болады. Осы күні орталық аланда «Бір – ел, бір – тағдыр, бір – көшбасшы» атты мерекелік концерт өткізіледі. Сонымен қатар жастардың қатысуымен облыстық форум ұйымдастырылу көзделуде. Халық көп шоғырланатын орындарда, орталық базарларда мерекемен құттықтауға бағытталған акциялар, қала мен барлық аудандардағы ірі сауда ұйымдарында «Байқоңыр» ӘКК тарапынан ұйымдастырылған «Изобилие» ЖШС-ның 12 әлеуметтік сауда нүктесінде 8-10 пайыз көлемінде жеңілдіктер ұсынылады. Тәуелсіздік күніне орай Еуразия спорт кешенінде жастардың патриоттық акциясы, 16-желтоқсан күні орталық аланда қала мен аудан өнерпаздарының мерекелік концерті және отшашу болады. Сонымен бірге, желтоқсан айында облыстық әлеуметтік-экономикалық дамуына ерекше үлес қосқан, кезінде басшылық қызметте абыройлы еңбек атқарған Исатай Әбдікәрімовтің, Тәкей Есетовтің, Қонысбек Қазантаевтың 90 жылдық мерейтойлары аталып өтіліп, бюстерінің ашылу рәсімі ұйымдастырылады. Шығармашылық үйінің ғимараты ашылып, онда Т.Жүргеновтің бюсі қойылады.

2-бет

ХАЛЫҚ ИГІЛІГІНЕ БАҒЫТТАЛҒАН ҚҰРЫЛЫСТАР

жақын арада пайдалануға беріледі

Жексенбіде облыс әкімі Қырымбек Көшербаев Қызылорда қаласында құрылысы салынып жатқан бірқатар нысандарды аралап көрді.

Алдымен күрделі жөндеуден өтіп жатқан М.Шоқай көшесіндегі жұмыстармен танысты. Ұзындығы 1,7 шақырым жолды жөндеу құны – 369,1 млн. теңге. "Жұмыспен қамту-2020" бағдарламасы аясында республикалық бюджеттен 246,5 млн. теңге бөлінген. Мердігер "УАД" ЖШС жөндеу жұмыстарын жүргізуде. Бүгінде 800 шақырымға екі қабатты асфальт төселді. Жол жөндеу алдағы жылы да жалғасады. Болашақта асфальт үшінші қабатпен жабылып, жаяу жүргіншілер жолы салынбақ. Сондай-ақ, түнгі жарықтандыру мен автобус аялдамалары қойылады.

Жөндеу жұмыстары жүргізіліп жатқан Сұлтан Бейбарыс көшесінде "Евраскон" ААҚ мамандары үш ауысыммен жұмыс атқаруда. Асфальттың алғашқы қабаты 2,6 шақырым жолға төселген. Қалған бөлігінде де қызу еңбек қайнап жатыр. Облыс басшысы жол жөндеуші компаниялардың басшыларына сапаға баса мән беруді тапсырды.

Одан әрі облыс әкімі "Арзан" базарға барды. Салынғанына 8 жыл уақыт өтсе де, бұл базарға халық аз келеді. Сауда-саттық мардымсыз. Осы жылдар аралығында базардың қарызы да қордаланып қалған. Сауда орнының басшылығы бұл жерге халық назарын аударту үшін біршама жұмыстар атқарып келеді. Аумағын кеңейтіп, абаттандырды. Автобус аялдамасы салынды. Мұндағы ең түйткілді мәселе жылудың жоқтығы болғандықтан, қазір базарға газ тартылуда. Жақын арада базар ішінен нан, шұжық, кондитер өнімдерін өндіретін цехтар ашу жоспарланған.

Аймақ басшысы жыл соңына дейін пайдалануға берілуі тиіс әлеуметтік нысандар мен тұрғын үйлерге арнайы тоқтады. Жылдар бойы "жыр" болған перинаталдық орталық енді аз күнде ашылады. Бес жылдан бері бітпей, "сақалды" құрылысқа айналған ғимарат қызылордалықтардың игілігіне жарайтын күн алыс емес. Орталыққа қажетті 135 түрлі құрал-жабдықтар сатып алынып, құрылуда. Ғимарат ішін тазалауға қосымша жұмыс күші керек. Өңір басшысы "Альянс" ЖШС директоры Нұрлан Бәйтіковке нысанды уақытылы пайдалануға беру үшін қосымша жұмысшылар тарту туралы тапсырма берді. Құрылысшыларға жәрдемдесуге медицина қызметкерлері де келеді.

Жуырда облыстық мекемелер үйінің де құрылысы аяқталмақ. Қазір "Әбу Сер" ЖШС ғимарат айналасын абаттандырумен айналысуда. Жаңа құрылысты аралап көрген аймақ басшысы ғимараттың ыңғайлылығына, сәулетіне қатысты бірқатар тапсырмалар жүктеді.

Тасбөгет қыстағындағы "Авангард-сервис" ЖШС салған 24 пәтерлік тұрғын үй пайдалануға беруге дайын. Тағы бір 24 пәтерлік тұрғын үй "Интегрострой" ЖШС Титов қыстағындағы апатты үй тұрғындарына арнап салынуда. Құрылыс басында жұмыс істеп жатқан 100 шақты адам жылу, су, электр желілерін тартып бітірген. Жақын арада жаңа қонысқа газ бен телефон келмек. Қырымбек Елеуұлы апатты үйдің тұрғындары жаңа жылды жаңа да жайлы үйде қарсы алуы үшін жұмысты жандандыра түсуді тапсырды.

Гүлжазира ЖАЛҒАСОВА.

ДОСТЫҚТЫҢ ЖАРҚЫН ДИДАРЫ

Кеше облыс әкімі Қырымбек Көшербаев жұмыс сапарымен Байқоңыр қаласында болды. Аймақ басшысы ғарышты шаһардағы «Байқоңыр» қонақ үйінің мәжіліс залында Астаналық және Қазақстандық митрополит Александр Могилевпен кездесті.

Жылышырайлы кездесу барысында аймақ жетекшісі еліміздің православие шіркеуінің басшысын бүгінгі таңдағы облыстың әлеуметтік-экономикалық дамуымен қысқаша таныстырып, Сыр еліне тұңғыш рет сапарлап келіп отырған қадірлі мейманға Байқоңыр ғарыш кешені туралы кең мағлұмат берді.

Құрылысы осыдан үш жыл бұрын басталған "Батыс Еуропа-Батыс Қытай" халықаралық автожолының 812 шақырымы облыс аумағынан өтеді. "Бейнеу-Бозой-Шымкент" магистральды газ құбырының құрылысы да аяқталуға жақын. Ең тиімдісі аймақтағы елді мекендердің 85 пайызы осы автобан мен газ құбырының, бұған қоса, темір жол мен Сырдария өзенінің бойына орналасқан. Мұның бәрі облыс орталығы мен Байқоңыр қаласының және барлық жеті ауданның экономикалық дамуына оң әсерін тигізетінін атап өткен облыс әкімі Сыр елінде ванадий кенінің мол қоры барын, өңірде металлургия кластерін қалыптастыру бағытында жұмыстар қолға алынғанын жеткізді.

Екеуара әңгіме барысында Қ.Көшербаев Байқоңыр қаласын жалға алып отырған Ресей Федерациясы Үкіметімен бірлесіп «Жол картасы» бағдарламасы дайындалып жатқанын, аталған бағдарлама қабылданған жағдайда ғарышты қала мен оның іргесіндегі Төретам, Ақай елді мекендерінің инфрақұрылымын жаңғыртуды бірлесіп қолға алу жоспарланып отырғанына тоқталды. Елбасының тапсырмасы бойынша қолға алынған тірліктердің бір парасын баян еткен аймақ басшысы 2017 жылы Астана қаласында өтетін халықаралық «ЭКСПО» көрмесі нысандарының қатарына біздің облыстан Байқоңыр ғарыш айлағы мен қаладан 34 шақырым жерде орналасқан түркі тілдес халықтардың ортақ абызы, ойшыл данасы Қорқыт ата мемориалдық кешені кіргенін қуанышпен атап өтті. Облыс әкімі бұл бағыттағы жұмыстардың қазірден қолға алынғанына тоқталды. Мәселен, төрткүл әлемдегі түркі тілдес халықтардың абыз атасы атанған Қорқыт ата ескерткіш кешенін қайта жаңғырту жұмыстары алдағы жылы басталмақшы. Оған қомақты қаражат бөлініп отыр.Бұған қоса, біздің аймақта ескіден жеткен көне шаһарлар көптеп саналады. Сақтардың астанасы Шірік-Рабат қаласының 2,5 мың жылдық тарихы бар. Оғыз мемлекетінің астанасы болған Жанкент, қыпшақтардың астанасы – Сығанақ секілді орта ғасырлық қалалар халықаралық автобанның бойына орын тепкен. Бұл бізде тарихи-мәдени туризмді дамытуға мол мүмкіндік береді.

– Осылайша біз әлемде теңдесі жоқ Байқоңыр ғарыш айлағында туризм ісін дамытып, Байқоңыр брендін қалыптастыруға қазірден бастап жұмыс жасап жатырмыз. Мұның бәрі біздің алдағы уақытта жүзеге асырар жоспарларымыз,– деді облыс әкімі Қ.Көшербаев.

Астаналық және Қазақстандық митрополит Александр Могилев өз кезегінде жылы шыраймен қабылдап, облыстың дамуындағы басты бағыттармен таныстырғаны үшін аймақ басшысына ризашылығын білдіріп, облыс әкімі Қ.Көшербаевті бүкіл елдегі православие шіркеуінің ең жоғары наградасы – «Благодарность» («Алғыс») орденімен марапаттады.

Кездесу соңында православие шіркеуінің басшысы Александр Байқоңыр қаласында 2005 жылы ашылған Георгий Победоносец атындағы шіркеуде салтанатты литургия шарасына қатысқанын, сейсенбіде «Роскомос» ғарыш агенттігінің басшысы Олег Остапенкомен кездесу жоспарланып отырғанын және зымыранның ұшырылым сәтін тамашалайтынын атап өтті.

Дәуіржан ЕЛУБАЕВ.

ОБЛЫСТЫҚ МӘСЛИХАТ СЕССИЯСЫ

Қызылорда облыстық мәслихатының кезектен тыс 21 сессиясы 2013 жылғы 30 қарашада сағат 10.00-де облыстық мәслихат аппаратының мәжіліс залында ашылады және сессияның күн тәртібіне мына мәселелер ұсынылады:

1. «2013-2015 жылдарға арналған облыстық бюджет туралы» Қызылорда облыстық мәслихатының 2012 жылғы 6 желтоқсандағы №61 шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы.

2. Қызылорда қаласындағы Шығармашылық үйіне атау беру туралы.

3. «Сәулет-қала құрылысы кеңесінің құрамын бекіту туралы» Қызылорда облыстық мәслихатының 2013 жылғы 10 шілдедегі №119 шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы.

Облыстық мәслихаттың тұрақты комиссияларының бірлескен отырысы 2013 жылғы 30 қарашада сағат 9.00-де өткізіледі.

Облыстық мәслихат.

МЕРЕКЕ КҮНДЕРІ МАҢЫЗЫ ЗОР ШАРАЛАРҒА АЙНАЛАДЫ

Облыс басшысы мереке күндері қала әкіміне жылу маусымының дұрыс болуын, коммуналдық шаруашылықтардың толыққанды жұмыс істеп тұруын қамтамасыз етуді тапсырды. Іс-шаралар кезінде жауапты кезекшілердің, бірінші басшылардың өз жұмыстарына үлкен жауапкершілікпен қарауын қадағалады. Сондай-ақ, облыс әкімі мемлекеттік қызметке алғаш рет орналасқан мемлекеттік қызметшілердің салтанатты түрде ант қабылдауын, барлық жерде салтанатты жиындар, құттықтау рәсімдерін ұйымдастырып, елдің дамуына, қызметтің түрлі салаларын дамытуға елеулі үлес қосқан азаматтарды марапаттау, жұмыста неғұрлым жоғары нәтижелер көрсеткен қызметкерлерге сыйлықақы беру мен ынталандырудың басқа да түрлерін қарастыру керектігін айтты.

Тұрақты кеңесте қаралған екінші мәселе азаматтарды күзгі әскерге шақыру жұмысының барысына арналды. Қазіргі таңда жалпы облыс халқының 30 пайызға жуығын құрайтын жастардың 54 мыңнан астамы әскери есепте тұрса, олардың 60 пайызы ғана әскерге шақырылуға жатады. Оның ішінде мыңнан астамы өзінің әскери борышын өтеуден қашып жүр. Бұл туралы облыс әкімі аппараты басшысының орынбасары Марат Бәйімбетов айтып өтті. Оның хабарлауынша, үстіміздегі жылдың көктемінде облыстық жиын пунктіне барлығы 1542 азамат келіп, оның 1041-і жарамды деп есептелген. Ал, емделуге жіберілгені 109 болса, 392 адам жарамсыз болып анықталған. Күз айында әскери қызметке кететін 472 азаматтың бүгінгі күні 161-і жөнелтілді. Осы жылдың күзінде облыстық жиын пунктіне келген 722 азаматтың тек 618-і ғана бірінші тексеруден жарамды деп анықталса, 8 азамат әскери қызметке мүлде жарамсыз болып табылған. Аудандық ішкі істер бөлімдері өз құзыреті шегінде әскери міндеттерді орындаудан жалтарған адамдарды іздестіруді жүзеге асыруда. Ауылдық округ әкімдіктеріндегі әскери есепке жауапты тұлғалардың шақыру қағазымен келмей жүрген азаматтардың артынан іздеу немесе анықтау жұмыстары өз деңгейінде емес. Бүгінгі күні Арал ауданында Райым, Қармақшы ауданының Жосалы кенті, Төретам, Ақай, III Интернационал, Ақжар, Сырдария ауданында Ақжарма, Амангелді, Шаған, Шиелі ауданы бойынша Ақмая, Гигант, Жаңақорған ауданында Шалқия, Ақүйік, Қызылорда қаласы бойынша Тасбөгет, Қызылжарма елді мекендерінде әскери маман бөлінбеген.

Күн тәртібіндегі қаралған мәселе бойынша аймақ басшысы деректерге сәйкес біркатар аудандарда әскерге шақырту мен әскер жасындағы жастардың белсенділігі мүлдем сын көтермейтінін баса айтты.

1-бет

Мысалы, іздеуде жүргендердің ішінде ең жоғары көрсеткіш– Жалағаш ауданында, шақырылған 486 адамның 281-і іздеуде жүр. Қармақшы ауданында шақырылған 484 жас жігіттің 222-сі іздеуде, осы секілді Арал, Қазалы аудандарында да көрсеткіш көңіл көншітпейді.

– Сонда бұларға Отан керек емес пе? Ал, Отанға олардың керегі не? Билігіміз, ардагерлеріміз, қоғамдық ұйымдарымыз қайда? Бұқаралық ақпарат құралдарында олардың тізімдері жариялансын. Облыстық теледидарда арнайы репортаждар ұйымдастырылсын. Біз мұндай жағдаймен келісе алмаймыз. Денсаулығы болмаса, бір бөлек. Өзінің азаматтық міндетінен себепсіз қашып жүргендер заң алдында жауап беруі тиіс. Оларды Ауғанстанға немесе Иркутскіге жіберіп жатқан жоқпыз ғой. Қазақстанның ішінде Отан алдындағы міндетін атқарады. Кейбір ата-аналар әскери қызметтен алып шығуға көмектеседі. Қайта тәуелсіз ел болдық, Отанымызды қорғайтын жанашыр азаматы болындар деп ақыл айтпай ма? Мына 1116 әскери борышын өтеуден қашып жүрген жас кім? Аудан, қала, ауыл әкімдері не бітіріп отыр? Бұл жігіттер шетелге асып кеткен жоқ. Барлығы елдің ішінде жүр. Олармен жұмыс істейтін билік не қоғамдық ұйым жоқ. Әсіресе, Жалағаш, Қармақшы, Арал, Қазалы аудан әкімдері, өздеріңіздің жұмыс нәтижелеріңізді көріп отырсыздар. Аталған аудандарда шақыру пункттері жоқ. Сондықтан да әскерге шақырылушы азаматтарды медициналық куәландыруды жасақтауда қиындықтар туындайды. Жаңақорған ауданында бірде-бір әскери патриоттық ұйым жұмыс істемейді. Облыс бойынша осындай ұйірмесі жоқ бір-ақ аудан. Аудан әкімшілігінің ұйірме ашуға шамасы келмесе, ондай әкімшіліктің керегі не? Облыстағы қорғаныс істері жөніндегі департамент, айтылған кемшіліктер тікелей сіздердің жұмыстарыңызға байланысты. Мен Қорғаныс министрлігіне хабарласып, мән-жайды айтамын. Иықтарында жұлдыз, төстерінде түрлі медальдар жарқырайды. Ал, жұмыстың нәтижесі жоқ, – деп облыс әкімі тікелей жауапты қызметкерлердің жұмысын сынға алды.

Кеңесте талқыланған үшінші мәселе облыс әкімінің төрағалығымен өткен мәжілістерде, іссапарлар кезінде берілген тапсырмалардың орындалу барысы туралы болды. Бұл тақырыпта хабарлама жасаған облыс әкімі аппаратының басшысы Қанатбек Жайсаңбаев он айдың қорытындысы бойынша келіп түскен құжатайналымдарға талдау жасады. Оның айтуынша, жылдан жылға құжат айналымның үлесі артуда.

Тұрақты кеңес отырысын қорытындылаған облыс әкімі Қырымбек Көшербаев айтылған кемшіліктерді әрбір жауапты орган басшысы сарапқа салып, кемшілік жіберген қызметкерге қатысты жауапкершілігін шешуді тапсырды. Берілген тапсырмалардың орындалмауы орын алған жағдайда сол жауапты мекеменің бірінші басшысы тиісті жауапкершілікке тартылатынын ескертті.

Айсәуле САҒАТБЕККЫЗЫ.

КЕЛІНТӨБЕДЕ – МЕКТЕП, СҰЛУТӨБЕДЕ – ЕМХАНА

Осы мақсаттарды жүзеге асыруды Елбасы тапсырмаларына сай Үкімет алдына нақты дәйектерді үнемі қойып келеміз. Жоғарыда айтылған, өздеріңіз көріп жүрген жетістіктер соның дәлелі. Осы игіліктерді баянды етуге ауыл адамдары, Сіздердің зор үлестеріңіз бар. Оның онан әрі жүзеге асуы үшін ынтымақты тіршілік қажет», – деді ол өз сөзінде.

Осы күнгі сапары кезінде облыс басшысы Қыраш ауылына да барып, ондағы №180 мектептің жұмыс жағдайымен танысты. Өткен жылдың қазан айында мектеп өртеніп, оның орнына 200 оқушыға арнап жаңа мектеп салу жұмысы жеделдете қолға алынған болатын-ды. Тиісті қаржы бөлу, жұмыстарды дұрыс ұйымдастыру нәтижесінде мектептің жаңа ғимараты бой түзеп, міне пайдалануға беріліп те үлгерді. Құрылыс жұмыстарын Темірхан Әлімқұлов басқаратын «СМП –Қызылорда» ЖШС мерзімінен бұрын бітірді. Онда қазір ауыл балалары тиянақты білім алып келеді. Облыс әкімі жаңа мектеп ғимаратын аралап көріп, ұстаздармен де пікірлесті, оқушылардың сабақ үлгеріміне де назар аударды. Ауыл ақсақалдарымен пікірлесу барысында келер жылдары шеткі елді мекеннен мәдениет үйін, балалар бақшасын салудың мүмкіндігі туатындығын сөз етті.

Әкімнің сенбі күнгі сапары түстен кейін Шиелі ауданында жалғасты. Аудандағы іргелі ауылдардың бірі Сұлутөбе мемлекетіміздің игіліктерін сатылап көріп келе жатқан ауылдардың қатарына жатады. Облыс орталығынан небәрі елу шақырым қашықтыққа орналасқан ауылдық округ үш елді мекенді біріктіре отырып, әлеуметтік қолдау түрлерінің рахатынан да қалыс қалмағандығы расында елдің өсу, өркендеуін көрсетеді. Соңғы үш-төрт жыл көлемінде екі жаңа мектеп бой көтерсе, енді міне, Бірлестік ауылынан 100 орындық тағы бір жаңа мектептің ғимараты пайдалануға берілді. №142 орта мектепке тиесілі ғимаратқа жоба сметалық құны бойынша 363 млн. теңге қаржы жұмсалынып, 2 бөліктен құралған екі қабатты мектеп ауыл сәніне айналып үлгерді. Аймақ басшысы осындағы еңбек технологиясы, ісмерлер кабинетін аралап, информатика пәні бойынша өткізіліп жатқан сабаққа да қатысты.

1-бет

– Еліміздің болашағы – білімде. Оның жаңа технолгиясын игеру, әрине, жас ұрпаққа тиесілі. Интернет желісі байланысын орнату арқылы ғылымның соңғы жетістіктерінен хабардар болу мүмкіндігі, міне, шеткі ауылдарға жетті. Енді тек жақсы оқып, тиянақты дайындалу қажет. Сонда білім шыңына шығуға жол ашылады. Сіздерге сәттілік тілеймін, – деген Қырымбек Елеуұлы жаңа мектепке жақында ғана директор болып тағайындалған Жанар Құлахметованың да пікіріне ден қойды.

Төрт мыңнан астам халқы бар Сұлутөбеде жақын арадан бері дәрігерлік амбулатория да өз қызметіне кірісті. Онда білікті мамандар топтастырылып, халық денсаулығын нығайту, науқас кісіге жедел көмек беру жолдары қарастырылған. Замана талабына сай, жаңа жабдықтар да алынып, орналастырылып жатыр.

Иә, уақыт тезіне салса, бір жыл деген мерзім оншалықты ұзақ та емес, дегенде, жоғарыдағы атқарылған жұмыстар алты Алаштың анасы атанған Сыр өңірінде ауқымды шаруалардың жүзеге асырылғандығын көрсетеді.

Нұрмахан ЕЛТАЙ.
Жаңақорған,
Шиелі аудандары.

«ҚЫС – 2013»
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ОҚУ-ЖАТТЫҒУЫ

Қаһарлы қыста орын алуы мүмкін табиғи немесе өндірістік апаттардың алдын алу мақсаты бойынша ҚР Төтенше жағдайлар министрлігі «Қысқы кезең жағдайында төтенше жағдайлар салдарын жою кезінде құтқару және басқа да кезек күттірмейтін жұмыстарды дайындау және жүргізу» тақырыбында «Қыс-2013» республикалық командалық-штабтық оқу-жаттығуын өткізді. Осыған орай Қызылорда облыстық ТЖ департаменті кешенді оқу-жаттығу жұмысын жүргізді.

Алдағы қыс «Қазгидромет» болжамы бойынша қатты суық болады деп күтілуде. Азаматтық қорғаныстың апаттық-құтқару қызметі мен құрылымдары белгіленген бағытқа әзірлігін, материалдық қорлардың жағдайын, энергиямен жабдықтаудың резервтік көздерін тексеру жасалды. Облыстық ТЖ комиссиясының төрағасы, облыс әкімінің орынбасары Н.Әлібаев аталмыш іс-шаралардың өз деңгейінде өтуіне бақылау жасады.

Астана даңғылында қысқы мезгілге АҚ және ТЖ құрылымдарының даярлығын қарау сәті өткізілді. Құрылымдарды саптық қарау барысында 18 АҚ (азаматтық қорғаныс) және ТЖ (төтенше жағдай) құрылымдары, құрамында 219 адам мен 56 техника қатысты.

«Қызылорда жылу электр орталығы» мекемесінде жылу қазандығының апатқа ұшырауы бойынша дабыл түсті. Нәтижесінде өрт болды, зардап шекпеген бар. Оқу-жаттығуға қалалық ТЖК өкілдері, «Қызылорда жылу-электр орталығы» МКК-ның авариялық-техникалық командасы, «ҚазТрансГазАймақ» АҚ-ның базасындағы газ бойынша авариялық-техникалық командасы, жедел дәрігерлік көмек бригадасы, өртке қарсы қызмет құрылымдары, қоғамдық тәртіпті сақтау тобы, ҚР ТЖМ «ОӨАЖҚЖ» ММ құтқару тобы, «КЭТК» АҚ-ның базасындағы электр желісі бойынша авариялық-техникалық тобы қатысты.

Сондай-ақ, оқу-жаттығу «Белкөл» стансасында жаңадан берілген – «Еврокоптер-145» тікұшағын тарта отырып, өткізілді. Аталмыш шараға 98 адам мен 17 техника қатыстырылды. Шара барысында инженерлік, медициналық, қоғамдық қауіпсіздікті сақтау, энергия, газ, жылу, сумен қамтамасыз ету мекемелері қызметкерлерінің дайындығы тексерілді. Осылайша оқу-жаттығу жұмыстары сәтті аяқталды деп баға берілді.

Нұрбек ДӘУРЕНБЕКОВ.

● ФОРУМ

КӘСІПКЕРЛІК КӨКЖИЕГІ КЕҢЕЙЕ ТҮСТІ

Қазалыда облыс әкімінің орынбасары Ғалым Әміреев, аудан, басқарма басшылары, қаржы институттары, БАҚ, ҮЕҰ, бизнес өкілдерінің қатысуымен форум өткізілді. Негізгі мақсаты шағын және орта кәсіпкерлікті қолдау, мемлекет тарапынан түрлі бағдарламалармен жасалып жатқан көмектерді пайдалану, жаңа кәсіпкерлік нысандарын ұлғайту, өндіріс орындарын ашу, жұмыссыздықты азайтуға бағытталған форум өзінің діттеген межесінен шықты. Мұны қонақтардың лебізі айқын аңғартты.

Форум аясында бірнеше нысан ел игілігіне берілді. Солардың бірі Қазалы қаласындағы Омар Мырзағұлдың нан өнімдерін өндіру цехы болатын. Кәсіпкерлікті автокөлігімен жүк тасымалдаудан бастаған жігерлі жігіт уақыт өте жары Лизамен бірлесіп дүкен ашыпты. Келе-келе құлашын кеңге жайып тәулігіне бір тонна нан өнімдерін шығаратын наубайхананы іске қосты. Ал құрылысы өткен жылы басталған қос қабатты «Нұрсұлтан» сауда орталығы бүгіннен бастап қала тұрғындарының көзайымына айналды. Әсем ғимаратты салуға «БТА Банк Жанкент» филиалы арқылы 14 млн. қосымша қаржы алыпты. Құрамында азық-түлік, киімдер сататын дүкен, нан өндіру цехы, қызмет көрсету орны бар нысанның лентасын қию рәсімінде облыс әкімінің орынбасары Ғалым Әміреев, Қазалы ауданының әкімі Бақыт Жаханов, өзге де ел ағалары кәсіпкерлердің талабына сәттілік тіледі.

Мұнан соң форум делегаттары Әйтеке би кентіндегі Бақыт Әбдірейімованың нан өнімдерін өндіру цехы ашылуына қатысты. Алғашқыда үйінен нан пісірген Бақыт Қараманқызы қазір аудандағы кәсіпкерлік ортадағы бесекелестікті қалыптастыру, нан өндіру сапасын жақсарту, өнім өндіру көлемін көбейтуге зор үлес қосып жүр. Осы мақсатта жалпы құны 70 млн. теңгелік нан және кондитер өнімдерін өндіру цехын жеке қаражатымен іске қосты. Цехта қосымша сегіз адам еңбекпен қамтылған. Сондай-ақ, аумақты жер учаскесінен 200 тонналық ұн сақтау қоймасы, әмбебап сауда орталығы, көліктерге техникалық қызмет көрсету орнын салу келешектің еншісінде.

Келесі кезекте Ғалым Әміреев бастаған топ «СПК Қызылорда балық» ЖШС-да болды. Серіктестіктің тыныс-тіршілігі жайлы кең тұрғыда мәлімдеген Ғазиза Құлнияздың өз кәсібіне жетіктігі, жұмысына ыждағаттылығы сөз саптауынан-ақ байқалады.Оның айтуынша, серіктестікте жаңадан 40 адам жұмыспен қамтылыпты. Өндіріс көлемін азайтпау үшін балық аулау лимиті толық орындалады. Көршілес Арал ауданының Бөген елді мекенінде құны 10 млн. теңгені құрайтын балық сүйегінен ұн дайындау цехы, селолық дайындау орталығы қоймасының құрылысы жүргізіліпті. Ағымдағы жылы серіктестік 1133 тонна балық аулауды межелеуде. Ауланған балықтың торта, тыран, ақбалық, қылыш, ақмарқа аталатын түрлері мұздатылған күйде Ресейге, Әзербайжанға сатылыпты. Көксеркеден әзірленген сүбе (филе) экспортқа шығарылыпты. Жыл соңына дейін 150 тонна балық өнімдері өңделіп, толық қуатымен еңбек етіледі деп күтілуде.

Осы күні «Ақмарал» жеке балабақшасы да бүлдіршіндерге есігін айқара ашты. Оның иесі Жанар Дәулетияр жас ұрпақ жанына тағылымды тәрбие, терең білім сеуіп жүрген ұлағатты ұстаз. Балабақша 50 орынға арналған. Заманауи үлгідегі құрал-жабдықтармен қамтылған. Салтанатты рәсімде облыс әкімінің орынбасары Ғалым Әміреев балабақша ұжымына компьютер сыйға тартты.

«Ай–Ғасыр» мейрамханасында «Кәсіпкерлік – экономикамыздың тірегі» тақырыбымен өткен форум тартымдылығымен ерекшеленді. Облыс әкімінің орынбасары Ғалым Әміреев форум жұмысына ризашылығын жеткізді. Аудан әкімі Бақыт Жаханов өзінің хабарламасында кәсіпкерлік саласындағы атқарылған тірліктерді тізбелеумен шектелмей келешекте жүзеге асуға тиісті шараларды да қамтып өтті. Облыстық кәсіпкерлік және туризм басқармасының басшысы Телман Сүлейменовтің баяндамасы да көпшіліктің көкейінен табылды. Форумда «Өндірістік аймақ» ұйымдастыру, «Сауда логистикалық орталық құру жобасы» басқа да маңызды жобалар жүртшылық назарына ұсынылды. Әріптестік меморандумға қол қойылды.

Жұмабек ТАБЫНБАЕВ.
Қазалы ауданы.

ҚР ЖУРНАЛИСТЕР ОДАҒЫНЫҢ ОБЛЫСТЫҚ ФИЛИАЛЫНА ЖАҢА ТӨРАҒА САЙЛАНДЫ

Баспасөз орталығында ҚР Журналистер одағының төрағасы Сейітқазы Матаев бір топ қаламгерлермен кездесті. Кездесуге облыс әкімінің орынбасары Ақмарал Әлназарова қатысты.

Онда одақ төрағасы қоғамдық ұйымның жұмысына тоқталды.

– Құрметті журналистер, қонақжайлылық танытып жылы қарсы алып жатқандарыңызға көп рахмет! Сыр еліне біраз жылдан бері келіп тұрғаным осы. Өздеріңізбен кездескеніме қуаныштымын. Бүгінгі таңда елімізде 10 шығармашылық одақ болса, соның ішінде, Журналистер одағының жұмысы жақсы жүріп жатыр деп айта аламыз,– деп одақ жұмысына тоқталды.

Төрағаның айтуынша, Қазақстанда бүгінгі таңда 7-8 мыңға жуық журналист болса, одақтың 5 мыңға жақын мүшесі бар екен. Әр өңірде одақтың филиалы жұмыс жасайды. Сондай-ақ, одақтың алыс-жақын шетелдерде бірнеше агенттіктері жұмыс жасап жатса, алдағы уақытта да Түркия, Өзбекстан, Түркменстан секілді елдерден агенттіктер ашу жоспарланған.

Осы орайда Сейітқазы Бейсенғазыұлы одақтың Қызылорда облыстық филиалының төрағасын сайлау кездесудің басты мақсаты екенін айтты. Бұған дейін ол міндетті белгілі қаламгер Жақсылық Рахматулла атқарып келген болатын.

– Жақсылық Рахматулла 20 жылға жуық уақыт филиал төрағасы болып, одақ жұмысын ойдағыдай атқарды. Отбасылық жағдайына байланысты Астана қаласына көшкендіктен аталған міндетінен өз өтініші бойынша босатылып отыр. Сондықтан ол кісіге барлық одақ мүшелері атынан алғысымды айтамын,– деді Сейітқазы Матаев.

Журналистер алдымен Журналистер одағы Қызылорда облыстық филиалының басқарма мүшелерін сайлады. Онан соң сайланған тоғыз адамның ішінен филиал төрағасын таңдады. Көпшіліктің дауыс беруі нәтижесінде «Сыр медиа» ЖШС директоры, облыстық мәслихат депутаты Аманжол Оңғарбаев ҚР Журналистер одағы Қызылорда облыстық филиалының төрағасы болып сайланды.

Сейітқазы Матаев филиалдың жаңа төрағасын құттықтап, қоғамдық ұйым жұмысына сәттілік тіледі. Өз кезегінде сөз алған Аманжол Сақыпұлы өзіне сенім білдірген қаламгерлер қауымына алғысын айтып, қоғамдық жұмыстың жандануына бар күшін сала еңбек ететінін жеткізді.

Кездесуді қорытындылаған облыс әкімінің орынбасары Ақмарал Әлназарова өңіріміздегі ҚР Жазушылар мен Журналистер одақтарының жұмыстарына сәттілік тілеп, журналистер одағына 20 жылға жуық төрағалық жасап келген Жақсылық Рахматуллаға Сыр журналистері атынан рахмет айтты.

Айнұр БАТТАЛОВА.

ХАБАРЛАНДЫРУ

Қызылорда облысының әкімдігі бос мемлекеттік әкімшілік лауазымға орналасуға ашық конкурс жариялайды:

Қызылорда облыстық ішкі саясат басқармасының басшысы. (D-O-1)

Қызмет атқарған жылдарына байланысты лауазымдық жалақысы 140298 теңгеден 189627 теңгеге дейін (экологиялық коэффициентті есепке алмағанда).

Қызметтік міндеттері: Басқарма қызметкерлерінің орындаушылық және еңбек тәртібін бақылау, норма-шығармашылық қызметін, іс жүргізуін, есеп жүргізу, кадр және әкімшілік-шаруашылық жұмыстарын ұйымдастырылуына бақылау жасайды. Басқарма құзыретіне кіретін бюджеттік бағдарламалардың қаржыландырылуын және орындалуын қамтамасыз етілуін бақылайды. Басқарманың стратегиялық даму жоспарының орындалуын қамтамасыз етеді. Мемлекеттік саясаттың БАҚ арқылы түсіндірілуін, насихатталуын ұйестіреді. БАҚ қызметін ұйестіру, мемлекеттің ақпараттық саясатын жүзеге асыру бойынша мемлекеттік тапсырыстың орындалуын заңға сәйкес қамтамасыз етеді. Облыстық басқармалардың баспасөз қызметтерімен мемлекеттік органдардың қызметін бұқаралық ақпарат құралдарында жария ету мәселелері бойынша қарым-қатынас орнатып, ынтымақтастықты дамыту.

Конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптар:

Жоғары педагогикалық немесе журналистикалық немесе саясаттану немесе филология немесе дінтану немесе шығыстану немесе теология немесе заңгерлік немесе экономикалық немесе қаржылық немесе мемлекеттік және жергілікті басқару.

Жұмыс тәжірибесі келесі талаптардың біріне сәйкес болуы тиіс:

1) мемлекеттік қызмет өтілі төрт жылдан кем емес;

2) жоғары оқу орнынан кейінгі білім бағдарламалары бойынша шетелдің жоғары оқу орындарында Шетелде кадрлар даярлау жөніндегі бекітетін басым мамандықтар бойынша оқуды аяқтаған жағдайда мемлекеттік қызмет өтілі бір жылдан кем емес;

3) мемлекеттік органдарда басшылық немесе өзге лауазымдарда мемлекеттік қызмет өтілі үш жылдан кем емес;

4) осы санаттағы нақты лауазымның функционалдық бағыттарына сәйкес салаларда жұмыс өтілі бес жылдан кем емес, оның ішінде ұйымдардың басшылары және олардың орынбасарлары лауазымдарында екі жылдан кем емес.

Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасының Президенті туралы», «Қазақстан Республикасының Парламенті және оның депутаттарының мәртебесі туралы», «Қазақстан Республикасының Үкіметі туралы» Конституциялық заңдарын, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік қызмет туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы», «Әкімшілік рәсімдер туралы», «Нормативтік құқықтық актілер туралы», «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Заңдарын, осы санаттағы нақты лауазымның мамандануына сәйкес облыстардағы қатынастарды реттейтін Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін, «Қазақстан - 2050» Стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты стратегиясын білуі.

Осы санаттағы лауазымдар бойынша функционалдық міндеттерді орындау үшін қажетті басқа да міндетті білімдер.

Конкурс «Бос әкімшілік мемлекеттік лауазымға орналасуға конкурс өткізу және конкурс комиссиясын қалыптастыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері агенттігі Төрағасының 2013 жылғы 19 наурыздағы №06-7/32 бұйрығына сәйкес өткізіледі.

Конкурсқа қатысуға ниет білдірген азаматтар Қызылорда облысы әкімінің аппаратына келесі құжаттарды тапсырады:

1) Өкілетті орган белгілеген нысандағы өтініш;

2) 3х4 үлгідегі 1 фотосурет пен өкілетті орган белгілеген нысанда толтырылған анкета;

3) білімі туралы құжаттардың нотариалдық куәландырылған көшірмелері;

4) еңбек қызметін растайтын құжаттың нотариалдық куәландырылған көшірмесі;

5) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің 2010 жылғы 23 қарашадағы №907 бұйрығымен бекітілген (Қазақстан Республикасының Нормативтік құқықтық актілердің тізілімінде 2010 жылы 21 желтоқсанда №6697 болып тіркелген) нысандағы денсаулығы туралы анықтама;

6) Қазақстан Республикасы азаматының жеке куәлігінің көшірмесі;

7) құжаттарды тапсыру сәтінде уәкілетті органмен белгіленген шекті мөннен төмен емес нәтижемен тестілеуден өткені туралы қолданыстағы сертификат.

Құжаттардың толық емес пакетін ұсыну конкурс комиссиясының оларды қараудан бас тартуы үшін негіз болып табылады.

Мемлекеттік қызметшілермен тапсырылатын осы тармақтың 3) және 4) тармақшаларында көрсетілген құжаттарды олар жұмыс істейтін мемлекеттік органдардың персоналды басқару қызметі (кадр қызметі) куәландыра алады.

Әңгімелесуге жіберілген кандидаттар оны кандидаттарды әңгімелесуге жіберу туралы хабардар ету күнінен бастап 5 (бес) жұмыс күн ішінде Қызылорда облысы әкімі аппаратының ғимаратында, 120003, Қызылорда қаласы, Жақаев көшесі, 76 үй мекен-жайы бойынша өтеді.

Конкурстық комиссияның қорытынды мәжілісі әңгімелесу жүргізілгеннен соң 2 (екі) жұмыс күн ішінде өткізіледі.

Конкурсқа қатысу үшін қажетті құжаттар аталмыш хабарландыру жарияланған күннен бастап 10 (он) жұмыс күн аралығында Қызылорда қаласы, Жақаев көшесі, 76 үй, №314 бөлмеде қабылданады. Анықтама телефондары: 8 (7242) 26-10-84.

Аталмыш лауазымдарға орналасқан адамдар үшін көтерме шығындар төленбейді, тұрғын үй және жеңілдіктер ұсынылмайды.

Қызылорда облысы әкімдігінің конкурстық комиссиясы.

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Қызылорда облысының жұмыспен қамтуды ұйестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы» мемлекеттік мекемесі уақытша бос мемлекеттік әкімшілік лауазымға орналасуға конкурс жариялайды **(Тел: Факс: 8-7242-26-20-32, мекен-жай: Қызылорда қаласы, Бекзатхан Асқар көшесі, 47, инд. 120015, электрондық пошта мекен-жайы: shilmanova_l@usoc.orda.gov.kz)**:

Бюджеттік бағдарламалар бөлімінің басшысы, санаты Д-О-3 (негізгі қызметкердің бала күтіміне байланысты демалыс мерзіміне).

Функционалдық міндеттері:

Бөлімнің жұмысын ұйымдастырады және басшылық жасайды, бөлімге жүктелген тапсырмалардың, және өз функцияларын орындайды. Бөлімнің жұмыс жоспарын, іс-номенклатурасын және жұмыстың орындаулы жайлы есеп дайындайды. Басқарма және ведомствоға қарасты медициналық-әлеуметтік мекемелердің келесі қаржы жылына бюджетті жоспарлауына қатысады. Стратегиялық және операциялық жоспарларды әзірлейді. Республикалық бюджеттен бөлінетін трансферттерді тиісті министрліктермен келісу жұмыстарын жүргізіп келісімдер жасайды. Бюджетті бекіткен немесе нақтылаған жағдайда облыс әкімдігінің қаулыларын дайындауға қатысады. Бюджетті бекіткен немесе нақтылаған жағдайда жиынтық, қаржы жоспарына енгізілген өзгерістер мен қаржыландыруды бақылайды. Облыстық мәслихаттың бюджеттік комиссияның отырысына ұсыныстар мен керек құжаттарды дайындайды және қатысады. Бөлімнің өз құзыреттілігі шегінде бюджеттік инвестициялық жобасы бойынша әлеуметтік объектілердің қаржыландырылуы мен іске асуын бақылайды. Уәкілетті органға бюджеттік жоспарлау мен бюджеттің орындалуы бойынша мерзімдік есептің уақытылы тапсырылуын бақылайды. Тауарлар, жұмыстар мен қызметтерді мемлекеттік сатып алу жұмысын ұйымдастыруға және өткізуге қатысады. Басқарманың мемлекеттік сатып алу жұмыстары бойынша есептерді мемлекеттік сатып алу порталына тапсырады. Стратегиялық бағыттар, мақсаттар мен міндеттер бойынша бюджеттік бағдарламалардың іске асыру барысында тиімділігі бойынша есеп береді. Бөлімнің құзырына жататын сұрақтар бойынша бекітілген тәртіппен жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарайды, кеңестер береді.

Д-О-3 санаты бойынша қызмет атқарған жылдарына байланысты **лауазымдық жалақысы** 84 563 теңгеден 114 032 теңгеге дейін. (Экологиялық коэффициентті есепке алмағанда).

Конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптар:

- Жоғары экономикалық. Мемлекеттік қызмет өтілі екі жылдан кем емес, не мемлекеттік органдарда басшылық немесе өзге лауазымдарда жұмыс өтілі бір жылдан кем емес, не осы санаттағы нақты лауазымның функционалдық бағыттарына сәйкес облыстарда жұмыс өтілі үш жылдан кем емес, оның ішінде басшылық лауазымдарда бір жылдан кем емес, не жоғары оқу орнынан кейінгі білім бағдарламалары бойынша Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы білім беру ұйымдарында мемлекеттік тапсырыс негізінде немесе шетелдің жоғары оқу орындарында Шетелде кадрлар даярлау жөніндегі республикалық комиссия бекіткен басым мамандықтар бойынша оқуды аяқтауы, не ғылыми дәрежесінің болуы.

- Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының, «Қазақстан Республикасының Президенті туралы», «Қазақстан Республикасының Парламенті және оның депутаттарының мәртебесі туралы», «Қазақстан Республикасының Үкіметі туралы» Конституциялық заңдарын, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік қызмет туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы», «Әкімшілік рәсімдер туралы», «Нормативтік құқықтық актілер туралы», «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Заңдарын, осы санаттағы нақты лауазымның мамандануына сәйкес облыстардағы қатынастарды реттейтін Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін, «Қазақстан – 2050» Стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты стратегиясын білуі.

Конкурс Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігі Төрағасының 2013 жылғы 19 наурыздағы №06-7/32 Бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік әкімшілік лауазымдарға орналасуға конкурс өткізу және конкурс комиссиясын қалыптастыру қағидаларына (бұдан әрі – Қағидалар) сәйкес өткізіледі.

Байқауға қатысқысы келген азаматтар Қызылорда облысының экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасына келесі құжаттарды тапсырады:

1) Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысандағы өтініш;

2) 3х4 үлгідегі суретпен осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысанда толтырылған сауалнама;

3) білімі туралы құжаттардың нотариалдық куәландырылған көшірмелері;

4) еңбек қызметін растайтын құжаттың нотариалдық куәландырылған көшірмесі;

5) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің 2010 жылғы 23 қарашадағы №907 бұйрығымен бекітілген (Қазақстан Республикасының Нормативтік құқықтық актілердің тізілімінде 2010 жылы 21 желтоқсанда № 6697 болып тіркелген) нысандағы денсаулығы туралы анықтама;

6) Қазақстан Республикасы азаматының жеке куәлігінің көшірмесі;

7) құжаттары тапсыру сәтінде уәкілетті органмен белгіленген шекті мөннен төмен емес нәтижемен тестілеуден өткені туралы қолданыстағы сертификат.

Егер азамат еңбек қызметін жүзеге асырмаған және конкурс жарияланған бос лауазым бойынша жұмыс өтілі талап етілмейтін жағдайларда оы тармақтың 4) тармақшасында көрсетілген құжатты ұсыну талап етілмейді.

Мемлекеттік қызметшілермен тапсырылатын 3) және 4) тармақшаларда көрсетілген құжаттарды олар жұмыс істейтін мемлекеттік органдардың персоналды басқару қызметі (кадр қызметі) куәландыра алады.

Азаматтар өздерінің білімі, жұмыс тәжірибесі, кәсіби деңгейі және беделі жайлы (кәсіби біліктілігін арттырған жайлы, ғылыми атағы және дәрежесін алғаны туралы құжаттардың, мінездемелерінің, ұсыныстардың, ғылыми жариялаңымдардың және басқа да көшірмелері) қосымша ақпарат ұсына алады.

Конкурсқа қатысу үшін қажетті құжаттар аталмыш хабарландыру жарияланған мерзімнен бастап 10 жұмыс күні ішінде Қызылорда облысының жұмыспен қамтуды ұйестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасына, мына мекен-жай бойынша тапсырылуы тиіс:

Қызылорда қаласы, Бекзатхан Асқар көшесі, 47, 2-қабат 21 кабинет.

Анықтама телефоны: 8 (724-2) 40-06-18.

Конкурсқа қатысу үшін қажетті құжаттарды хабарламада көрсетілген электрондық почта мекен-жайына электронды түрде бере алады.

Конкурсқа қатысу үшін осы хабарламада көрсетілген құжаттарды электрондық почта арқылы берген азаматтар құжаттардың түпнұсқасын әңгімелесу басталғанға дейін бір жұмыс күн бұрын кешіктірілмей береді.

Әңгімелесуге жіберілген кандидаттар конкурс комиссиясы шешім қабылдаған күннен бастап екі жұмыс күн ішінде әңгімелесу өткізу күні туралы конкурс комиссиясының хатшысымен хабарландырылады.

Әңгімелесуге жіберілген кандидаттар оны кандидаттарды әңгімелесуге жіберу туралы хабардар ету күнінен бастап бес жұмыс күн ішінде Қызылорда облысының жұмыспен қамтуды ұйестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасында мына мекен-жайда өтеді:

120015, Қызылорда қаласы, Бекзатхан Асқар, 47, 2-қабат.

Аталмыш лауазымға орналасқан азаматтар үшін көтерме шығындар төленбейді, тұрғын үй және жеңілдіктер ұсыныл

Қазақстан Республикасына шетелдік жұмыс күшін тартуға арналған квотаны белгілеу қағидаларын және Шетелдік қызметкерге жұмысқа орналасуға және жұмыс берушілерге шетелдік жұмыс күшін тартуға рұқсат берудің қағидалары мен шарттарын бекіту және «Халықты жұмыспен қамту туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңын іске асыру жөніндегі шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 19 маусымдағы № 836 қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 13 қаңтардағы № 45 Қаулысы

«Егемен Қазақстан» газеті 2012 жыл 28 ақпан N 72-73 (27145)

БАСПАСӨЗ РЕЛИЗІ

«Халықтың көші-қоны туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 22 шілдедегі Заңының 37-бабының 4-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған:

1)Қазақстан Республикасына шетелдік жұмыс күшін тартуға арналған квотаны белгілеу қағидалары;

2) Шетелдік қызметкерге жұмысқа орналасуға және жұмыс берушілерге шетелдік жұмыс күшін тартуға рұқсат берудің қағидалары мен шарттары бекітілсін.

2. «Халықты жұмыспен қамту туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңын іске асыру жөніндегі шаралар туралы»Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 19 маусымдағы № 836 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 2001 ж., № 23, 288-құжат) мынадай өзгеріс енгізілсін:

1-тармақтың 1) тармақшасы алып тасталсын.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының Премьер-министрі *К. Мәсімов*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы
13 қаңтардағы № 45 қаулысымен бекітілген

Қазақстан Республикасына шетелдік жұмыс күшін тартуға арналған квотаны белгілеу қағидалары

1. Жалпы ережелер

1. Осы Қазақстан Республикасына шетелдік жұмыс күшін тартуға арналған квотаны белгілеу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) «Халықты жұмыспен қамту туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына және «Халықтың көші-қоны туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 22 шілдедегі Заңына сәйкес әзірленді.

Қағидалар Қазақстан Республикасына шетелдік жұмыс күшін тартуға арналған квотаны белгілеу тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) еңбек жөніндегі уәкілетті орган – еңбек қатынастары саласындағы мемлекеттік саясатты Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы;

2) жұмыс беруші – қызметкермен еңбек қатынастарында болатын жеке немесе заңды тұлға;

3) маусымдық шетелдік қызметкер – климат немесе өзге де табиғат жағдайларына байланысты белгілі бір кезең (маусым) ішінде, бірақ бір жылдан аспайтын мерзімде атқарылатын маусымдық жұмыстарды орындау үшін жұмыс беруші жұмысқа тартатын көшіп келуші;

4) уәкілетті орган – өңірлік деңгейде халықтың жұмыспен қамтылуына жәрдемсеуді және жұмыссыздықтан әлеуметтік қорғауды қамтамасыз ететін облыстардың, Астана және Алматы қалаларының жергілікті атқарушы органдарының құрылымдық бөлімшесі;

5) шетелдік жұмыс күші – жұмысқа өз бетінше орналасатын, сондай-ақ корпоративтік ауысу шеңберінде уақытша ауыстырылатын, маусымдық шетелдік қызметкерлерді қоса алғанда, Қазақстан Республикасының аумағында еңбек қызметін жүзеге асыру үшін жұмыс беруші тартатын шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар;

6) шетелдік жұмыс күшін тартуға арналған квота – Қазақстан Республикасының аумағында еңбек қызметін жүзеге асыру үшін тартылатын, Қазақстан Республикасының Үкіметі жыл сайын белгілейтін шетелдік жұмыс күшінің саны;

7) шетелдік қызметкер – Қазақстан Республикасының аумағында еңбек қызметін жүзеге асыру үшін келген немесе жұмыс беруші тартатын көшіп келуші;

8) шығу елі – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Қазақстан Республикасында еңбек қызметін жүзеге асыратын шетелдік азаматты болып табылатын ел.

2. Қазақстан Республикасына шетелдік жұмыс күшін тартуға арналған квотаны белгілеу тәртібі

3. Алдағы жылға шетелдік жұмыс күшін тартуға арналған квота экономикалық тұрғыдан белсенді халық санына пайыздық қатынаспен белгіленеді және (немесе) еңбек нарығындағы сұраныс жағдайының алдағы жылға арналған болжамына сәйкес басым жобалар бойынша және (немесе) шығу елдері бойынша абсолюттік мәнде белгіленеді.

4. Әрбір басым жоба бойынша квотаны қажеттіліктің туындауына қарай Қазақстан Республикасының Үкіметі абсолюттік мәнде белгілейді.

Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2012.06.21 № 817 *(алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі)Қаулысымен.*

5. Әрбір басым жоба бойынша квота жеке белгіленеді және мердігерлік және қосалқы мердігерлік ұйымдарды қоса алғанда, басым жобаларды іске асыруды жүзеге асыратын ұйымдарға қажетті шетелдік қызметкерлердің ең көп саны, сондай-ақ жобаны іске асыру мерзімі мен орны айқындалады.

6. Шетелдік жұмыс күшінің шығу елдері бойынша квота Қазақстан Республикасы растайтын Еңбек көші-қоны және еңбекші көшіп-қонушылар өзара келісім-шарты бойынша бас бостандығынан айыруға, шартты, қоғамнан оқшаулаумен байланысты емес жазалауға сотталған;

8) адам саудасымен байланысты нақты қылмыстық істі жүргізу кезеңінде сот үкімі заңды күшіне енгенге дейін адам саудасының құрбандары болып табылатын;

9) Қазақстан Республикасына отбасын біріктіру мақсатымен келетін көмелеттік жасқа толған, Қазақстан Республикасы азаматының жұбайы (зайыбы) болып табылатын және кемінде үш жыл Қазақстан Республикасы заңнамасында танылған некеде тұратын;

10) Қазақстан Республикасының оқу орындарында күндізгі оқу бөлімінде оқитын және сонымен қатар оқудан бос уақытында жұмыс істейтін;

11) жиынтық мерзімі күнтізбелік бір жыл бойы күнтізбелік бір жүз жиырма күннен аспайтын іскерлік мақсаттағы қызметтік іссапарда жүрген адамдарға қолданылмайды.

5. Осы Қағидалар мынадай шетелдік қызметкерлерге:

1) Еңбекші көшіп-қонушылар мен олардың отбасыларының құқықтық мәртебесі туралы 2010 жылғы 19 қарашадағы келісімге мүше мемлекеттердің азаматтары болып табылатын;

2) шетелдік заңды тұлғалар филиалдарының немесе өкілдіктерінің бірінші басшылары болып жұмыс істейтін;

3) Қазақстан Республикасының Үкіметімен ақшаға шаққанда 50 миллион АҚШ долларынан астам сома инвестицияға келісімшарт жасаған ұйымдардың бірінші басшылары және қызметтің басым түрлерінде инвестициялық қызметті жүзеге асыратын және инвестициялар жөніндегі уәкілетті органмен келісімшарт жасаған Қазақстан Республикасының заңды тұлғаларының бірінші басшылары болып жұмыс істейтін;

4) теңіз және өзен кемесінің, әуе, темір-жол және автомобиль көлігі экипажының мүшелері болып табылатын;

5) әртіс, режиссер, дирижер, хормейстер, балетмейстер, суретші, репетитор, спортшы мен жаттықтырушы болып жұмыс істейтін;

6) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен расталған құжаттары бар, орта білімнен кейінгі және жоғары білімді, Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығында басшы және маман лауазымдарында жұмыс істейтін;

7) Қазақстан Республикасының әзірегіріш қызметі саласындағы ынтымақтастық туралы халықаралық шарттары шеңберінде тартылатын, ғарыштық зымыран кешенін құру және жердегі ғарыш инфрақұрылымы объектілерін пайдалану жөніндегі мамандар болып табылатын;

8) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен расталған құжаттары бар жоғары білімді, ұлттық басқару холдингінде, «Ұлттық медициналық холдинг» акционерлік қоғамында және жарғылық капиталдарына «Ұлттық медициналық холдинг» акционерлік қоғамы жүз пайыз қатысатын медициналық ұйымдарда құрылымдық бөлімшелердің басшылары лауазымынан төмен емес лауазымдарда жұмыс істейтін;

9) ұлттық басқару холдингінің, «Ұлттық медициналық холдинг» акционерлік қоғамының және жарғылық капиталдарына «Ұлттық медициналық холдинг» акционерлік қоғамы жүз пайыз қатысатын медициналық ұйымдардың директорлар кеңесінің (бақылау кеңесінің) мүшелері ретінде жұмысқа тартылатын;

10) «Ұлттық медициналық холдинг» акционерлік қоғамында және жарғылық капиталдарына «Ұлттық медициналық холдинг» акционерлік қоғамы жүз пайыз қатысатын медициналық ұйымдарда медициналық және консультативтік қызмет атқаратын;

11) жоғары білімді, дербес білім беру ұйымдарында, олардың ұйымдарында, сондай-ақ «Назарбаев Қорында» басшылар және мамандар лауазымдарында жұмыс істейтін;

12) білім беру бағдарламаларын енгізу және іске асыру және (немесе) білім беру қызметтерін көрсету туралы келісімдер бойынша дербес білім беру ұйымдарына іссапарға жіберілген;

13) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен расталған құжаттары бар жоғары білімді, индустриялық-инновациялық даму мемлекеттік бағдарламаларында дамыту көзделген жоғары оқу орындарында басшылар және оқытушылар лауазымдарында жұмыс істейтін;

14) Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы ынтымақтастық туралы халықаралық шарттарына сәйкес Қазақстан Республикасының орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі және жоғары білім беру ұйымдарында педагогикалық қызметін жүзеге асыратын, бірақ ұйым штатының 25 пайызынан аспайтын, ал халықаралық кіріктірілген білім берудің оқу бағдарламаларын іске асыратындар үшін ұйым штатының 50 пайызынан аспайтын;

15) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен ерекше мәртебе берілген жоғары оқу орындарының профессорлық-оқытушылар құрамы қатарындағы;

16) өз қызметін Орта Азияның өңірлік экологиялық орталығының жұмыс шарттары туралы келісімнің негізінде жүзеге асыратын Орта Азияның өңірлік экологиялық орталығында жұмыс істейтін адамдарға қолданылмайды.

Осы тармаққа сәйкес шетелдік қызметкерлерді тарту кезінде жұмыс беруші немесе ол уәкілетті берген адам уәкілетті органға осы Қағидалардың 4-қосымшасына сәйкес нысан бойынша ақпарат ұсынады.

Ескерту. 5-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 08.05.2013№ 467 *қаулысымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).*

2. Шетелдік қызметкерге жұмысқа орналасуға және жұмыс берушілерге шетелдік жұмыс күшін тартуға рұқсат берудің тәртібі мен шарттары

Шетелдік жұмыс күшін тартуға рұқсат берудің және ұзартудың шарттары мен тәртібі

6. Рұқсат берудің және ұзартудың шарттары мен тәртібін айқындау мақсатында қызметкерлердің мынадай санаттары белгіленеді:

1) бірінші санат – бірінші басшылар және олардың орынбасарлары;

2) екінші санат – басшылар, мамандар мен басқа да қызметшілер лауазымдарының біліктілік анықтамалығында, ұйымдардың басшылары, мамандары мен басқа да қызметшілері лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамасында белгіленген біліктілік талаптарына сәйкес келетін құрылымдық бөлімшелердің басшылары;

3) үшінші санат – басшылар, мамандар мен басқа да қызметшілер лауазымдарының біліктілік анықтамалығында, ұйымдардың басшылары, мамандары мен басқа да қызметшілері лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамасында белгіленген біліктілік талаптарына сәйкес келетін мамандар;

4) төртінші санат – Жұмысшылардың жұмыстары мен кәсіптерінің бірыңғай тарифтік-біліктілік анықтамалығында, жұмысшылар кәсіптерінің тарифтік-біліктілік сипаттамаларында белгіленген біліктілік талаптарына сәйкес келетін білікті жұмысшылар.

7. Тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің аумағында қолданылатын, бұрын берілген және берілетін рұқсаттардың саны тиісті күнтізбелік жылға бөлінген квотаның мөлшерінен аспауға тиіс.

8. Уәкілетті органның жұмыс берушілерге шетелдік жұмыс күшін тартуға арналған рұқсаттарды беруі мынадай арақатынас сақталған жағдайда жүзеге асырылады:

1) 2012 жылғы 1 қаңтардан бастап Қазақстан Республикасы азаматтарының саны бірінші және екінші санатқа жататын қызметкерлердің тізімдік санының 70 %-ынан кем болмауға тиіс;

2) 2012 жылғы 1 қаңтардан бастап Қазақстан Республикасы азаматтарының саны үшінші және төртінші санатқа жататын қызметкерлердің тізімдік санының 90 %-ынан кем болмауға тиіс.

Кадрлардағы жергілікті қамту туралы ақпаратты жұмыс беруші осы Қағидалардың 5-қосымшасына сәйкес нысан бойынша уәкілетті органға ұсынады.

Осы тармақ мыналарға:

1) шағын кәсіпкерлік субъектілеріне;

2) мемлекеттік мекемелер мен кәсіпорындарға;

3) басым жобалар мен шығу елдері бойынша квоталар шегінде, арнайы экономикалық аймақтың аумағында, сондай-ақ шетелдік қызметкерге жұмысқа орналасуға;

4) шетелдік заңды тұлғалар өкілдіктеріне берілетін рұқсаттарға қолданылмайды.

Осы тармақ Қазақстан Республикасы Дүниежүзілік сауда ұйымына кіргенге дейін қолданылады.

Ескерту. 8-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 08.05.2013№ 467 *қаулысымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).*

9. Қарашығанақ, Солтүстік Каспий, Теңіз жобаларының жер қойнауын пайдаланушыларына, сондай-ақ олардың операторларына, мердігерлік және қосалқы мердігерлік ұйымдарына (қосалқы мердігерлердің өздері тартатын ұйымдарды қоспағанда) қатысты, олардың көрсетілген жобаларға қатысуын растайтын мына құжаттардың бірі:

1) жер қойнауын пайдалану келісімшартынан нотариалды куәландырылған үзінді көшірме (көшірмесі);

2) бірлескен қызмет туралы шарттан нотариалды куәландырылған үзінді көшірме (көшірмесі);

3) қызметтер көрсету шартынан нотариалды куәландырылған үзінді көшірме (көшірмесі) болған жағдайда, осы Қағидалардың 8-тармағы 2015 жылғы 1 қаңтарға дейін қолданылмайды.

10. Шетелдік жұмыс күшін тартуға арналған рұқсатты алу үшін жұмыс беруші не ол уәкілеттік берген тұлға «Е-лицензиялау» мемлекеттік дерекқоры» ақпараттық жүйесі арқылы не қағаз түрінде шетелдік жұмыс күшінің жүзеге асыру орны бойынша уәкілетті органға осы Қағидалардың 7-қосымшасына сәйкес құжаттарды қоса отырып, осы Қағидалардың 6-қосымшасына сәйкес өтініш береді.

Ескерту. 10-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 25.01.2013№ 44 *қаулысымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).*

11. Осы Қағидалардың 10, 16, 30, 34, 36, 41 және 45-тармақтарында көзделген құжаттар толық көлемде берілмеген және (немесе) берілгенін нысан бойынша толтырылмаған жағдайда уәкілетті орган олар келіп түскен күннен бастап бес жұмыс күні ішінде рұқсатты беруден, мерзімін ұзартудан бас тартады және берілмеген құжаттарды және (немесе) берілгенін нысан бойынша толтырылмаған құжаттарды көрсете отырып, құжаттарды жұмыс берушіге қайтарады.

Ескерту. 11-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 25.01.2013№ 44 *қаулысымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).*

12. Жұмыс күшіне деген сұранысты ішкі еңбек нарығы есебінен қанағаттандыру мүмкіндігі болмаған жағдайда, уәкілетті орган еңбек жөніндегі уәкілетті орган бөлген квота шегінде шетелдік жұмыс күшін тартуға рұқсат береді.

13. Ішкі еңбек нарығында тиісті кандидатураларды іздестіруді жұмыс беруші «Халықты жұмыспен қамту туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына сәйкес бос жұмыс орындары (бос лауазымдар) туралы мәліметтерді шетелдік жұмыс күшінің еңбек қызметін жүзеге асыру орны бойынша уәкілетті органға жіберу арқылы жүзеге асырады.

Уәкілетті орган жұмыс берушінің шетелдік жұмыс күшін тартуға рұқсат беру туралы өтінішін қабылдауды бос жұмыс орындары (бос лауазымдар) туралы мәліметтерді берген күннен бастап күнтізбелік он бес күн өткен соң жүзеге асырады.

Осы тармақтың әрекеті шетелдік жұмыс күшін, сондай-ақ этникалық қазақтар және бұрынғы отандастар қатарынан арнайы экономикалық аймақ, аумағына тартатын жұмыс берушілерге қолданылмайды.

14. Қызметін Қазақстан Республикасында филиал, өкілдік құрмай жүзеге асыратын шетелдік заңды тұлға – жұмыс беруші өз қызметкерлерін жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету үшін келісімшарт бойынша Қазақстан Республикасына жіберген жағдайда, олардың рұқсат алуына қатысты құжаттарды ресімдеуді пайдасына жұмыстар орындалатын, қызметтер көрсетілетін заңды тұлға (оның ішінде филиалы, өкілдігі арқылы Қазақстан Республикасында қызметін жүзеге асыратын шетелдік заңды тұлға) жүзеге асырады.

15. Шетелдік жұмыс күшін тартуға арналған рұқсатты беру немесе ұзарту кезінде ерекше шарттарда мынадай талаптар көзделген:

1) уәкілетті орган бекіткен тізімге сәйкес өңірлік еңбек нарығында сұранысқа ие техникалық және кәсіптік білім мамандықтары бойынша Қазақстан Республикасының азаматтарын кәсіптік даярлау;

2) уәкілетті орган бекіткен тізімге сәйкес өңірлік еңбек нарығында сұранысқа ие техникалық және кәсіптік білім мамандықтары бойынша Қазақстан Республикасының азаматтарын қайта даярлау;

3) Қазақстан Республикасы азаматтарының біліктілігін арттыру;

4) Қазақстан Республикасының азаматтары үшін қосымша жұмыс орындарын құру.

16. Шетелдік қызметкерді:

бірінші санат бойынша тартқан кезде жұмыс беруші осы Қағидалардың 15-тармағының 3), 4) тармақшаларында көзделген шарттардың біреуін немесе бірнешеуін таңдайды;

екінші немесе үшінші санат бойынша тартқан кезде жұмыс беруші осы Қағидалардың 15-тармағының 2), 3), 4) тармақшаларында көзделген шарттардың біреуін немесе бірнешеуін таңдайды;

төртінші санат бойынша тартқан кезде жұмыс беруші осы Қағидалардың 15-тармағының 1), 4) тармақшаларында көзделген шарттардың біреуін немесе бірнешеуін таңдайды.

Ерекше шарттар тартылатын шетелдік жұмыс күшінің санатына қарай көзделеді.

Жұмыс берушімен рұқсат берудің ерекше шарттарын келісу осы Қағидалардың 8-қосымшасына сәйкес нысан бойынша жүзеге асырылады.

Кәсіптік даярлануға және (немесе) қайта даярлауға және (немесе) біліктілігін арттыруға тиіс Қазақстан Республикасы азаматтарының саны мен (немесе) құрылатын қосымша жұмыс орындарының саны шетелдік жұмыс күшін тартуға берілетін рұқсаттардың санына сәйкес келуге тиіс.

17. Шетелдік жұмыс күшін тартуға арналған рұқсаттардың:

осы Қағидалардың 15-тармағының 2), 3), 4) тармақшаларында көзделген ерекше шарттарын орындау рұқсаттың қолданылу мерзімі ішінде жүргізілуге тиіс;

осы Қағидалардың 15-тармағының 1) тармақшасында көзделген ерекше шарттарын орындау рұқсаттың қолданылу мерзімі ішінде басталуға тиіс.

18. Мыналарға:

1) шетелдік қызметкерлер қатарындағы:

«Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің кәсіптері мен мамандықтарының жіктеуіші» 05-2008 Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жіктеуішіне енгізілмеген кәсіптер немесе мамандықтар бойынша жұмыс істейтін;

этникалық қазақтар немесе бұрынғы отандастар болып табылатын адамдарға;

2) жұмыс берушілер қатарындағы:

кадрлардағы жергілікті қамтуды ұлғайту бағдарламасын іске асыратын және Қазақстан Республикасы азаматтарын жалдау, даярлау және шетелдік персоналды қысқарту бойынша міндеттемелері бар;

технологиялық жабдықты іске қосу, ретке келтіру және монтаждау бойынша жұмыстарды орындайтын мердігерлерді қоса алғанда, 2010 – 2014 жылдарға арналған Қазақстанды индустрияландыру картасының тізбесіне енгізілген жобаларды іске асыруға қатысатын;

«Өнімділік-2020» бағдарламасын іске асыруға қатысатын, жоғары білікті шетелдік мамандарды тартуға мемлекеттік қолдау көрсету бойынша оң шешім алған;

шетелдік жұмыс күшін басым жобалар және шығу елдері бойынша квота шегінде тартатын;

шетелдік жұмыс күшін шетелдік заңды тұлғалар өкілдіктеріне тартатын;

Қазақстан Республикасының мемлекеттік мекемелері немесе мемлекеттік кәсіпорындары болып табылатын жұмыс берушілерге шетелдік жұмыс күшін тартуға арналған рұқсаттарды қайта ресімдеу кезінде, сондай-ақ шетелдік жұмыс күшін тартуға рұқсат алу немесе ұзарту кезінде ерекше шарттар көзделмейді.

Ескерту. 18-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 08.05.2013№ 467 *қаулысымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).*

19. Шетелдік жұмыс күшін тартуға арналған рұқсаттар:

1) екінші және үшінші санаттар үшін – он екі ай мерзімге екі реттен асырмай ұзартумен он екі айға;

2) төртінші санат және маусымдық шетелдік қызметкерлер үшін – ұзарту құқығынсыз он екі айға дейінгі мерзімге беріледі.

20. Шетелдік жұмыс күшін бірінші санат бойынша тартуға арналған рұқсат шағын кәсіпкерлік субъектілерін қоспағанда, жұмыс берушілерге үш жылға дейінгі мерзімге беріледі.

Жұмыс берушілерге шетелдік жұмыс күшін бірінші санат бойынша тартуға арналған рұқсатты ұзарту жыл сайын он екі ай мерзімге жүргізіледі.

Шетелдік жұмыс күшін бірінші санат бойынша тартуға арналған рұқсат шағын кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын жұмыс берушілерге екі реттен асырмай ұзартумен, он екі ай мерзімге беріледі.

21. Шетелдік жұмыс күшін басым жобалар бойынша квота шегінде тартуға арналған рұқсат оның іске асырылу мерзіміне беріледі.

22. Шетелдік жұмыс күшін тартуға арналған рұқсатты беру не оны беруден бас тарту туралы шешімді уәкілетті орган құратын Шетелдік жұмыс күшін тартуға арналған рұқсатты беру жөніндегі комиссияның (бұдан әрі – Комиссия) ұсынымы бойынша уәкілетті орган жұмыс берушінің құжаттарын қабылдаған күннен бастап он бес жұмыс күні ішінде қабылдайды.

23. Комиссияның құрамына міндетті түрде халықтың көші-қоны, білім беру саласындағы уәкілетті органның аумақтық органдарының және еңбек жөніндегі уәкілетті органның өкілдері қосылады.

24. Комиссияның отырысына жұмыс берушінің өкілдері қатыса алады. Уәкілетті орган отырыс өтетін күннен кемінде үш жұмыс күні бұрын отырыстың өтетін күні, уақыты және орны туралы ақпаратты өзінің ресми интернет-ресурсына орналастырады.

25. Уәкілетті орган шетелдік жұмыс күшін тартуға рұқсат беру не беруден бас тарту, ұзартудан бас тарту туралы қабылданған шешім жөнінде жұмыс берушіге оны қабылдаған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде «Е-лицензиялау» мемлекеттік дерекқоры» ақпараттық жүйесі арқылы немесе жазбаша хабарлайды.

Ескерту. 25-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 25.01.2013№ 44 *қаулысымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).*

26. Шетелдік жұмыс күшін тартуға рұқсат беруден бас тарту не ұзартудан бас тарту туралы шешім қабылданған жағдайда уәкілетті орган осы Қағидалардың 38-тармағына сәйкес оның негіздерін көрсетеді.

Ескерту. 26-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 25.01.2013№ 44 *қаулысымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).*

27. Жұмыс беруші шетелдік жұмыс күшін тартуға рұқсат беру туралы хабарламаны алғаннан кейін уәкілетті органға жиырма жұмыс күні ішінде рұқсаттың қолданылуы тоқтатылғаннан кейін шетелдік жұмыс күшінің Қазақстан Республикасынан кетуіне кепілдік беретін құжаттарды (банк пен жұмыс беруші арасындағы шарттың, жұмыс берушінің банк шотына кепілдік жарнаның енгізілгенін растайтын құжаттың) «Е-лицензиялау» мемлекеттік дерекқоры» ақпараттық жүйесі арқылы не қағаз түрінде ұсынады.

Ескерту. 27-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 25.01.2013№ 44 *қаулысымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).*

28. Уәкілетті орган осы Қағидалардың 27-тармағында көрсетілген құжаттардың көшірмесін алған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде «Е-лицензиялау» мемлекеттік дерекқоры» ақпараттық жүйесі арқылы не қағаз түрінде жұмыс берушіге рұқсат береді.

Жұмыс беруші үш жұмыс күні өткен соң рұқсат алуға келмеген жағдайда, уәкілетті орган пошталық жөнелтілімді алу туралы хабарламаны ала отырып, рұқсатты жұмыс берушінің тіркелген мекенжайы бойынша пошта арқылы жібереді.

Ескерту. 28-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 25.01.2013№ 44 *қаулысымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).*

29. Осы Қағидалардың 30-31-тармақтарында көзделген жағдайларды, сондай-ақ жұмыс берушінің рұқсат алған шетелдік қызметкерлерді басқа өкімшілік-аумақтық бірлік аумағындағы кәсіпорындарға, ұйымдарға күнтізбелік бір жыл ішінде күнтізбелік алпыс күннен аспайтын мерзімге іссапарға жіберуін қоспағанда, уәкілетті орган берген рұқсатты басқа жұмыс берушілерге беруге болмайды, ол тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің аумағында ғана қолданылады.

30. Шетелдік қызметкерлер функционалдық міндеттерін күнтізбелік бір жыл ішінде күнтізбелік алпыс күннен артық бірнеше әкімшілік-аумақтық бірліктің аумағында орындауы үшін уәкілетті орган жұмыс берушінің өтініші бойынша және еңбек жөніндегі уәкілетті органмен келісім бойынша шетелдік жұмыс күшін екі және одан көп әкімшілік-аумақтық бірлікте еңбек қызметін жүзеге асыру үшін тартуға рұқсат береді немесе ұзартады.

Екі және одан көп әкімшілік-аумақтық бірлікте қолданылатын рұқсатты беруге немесе ұзарту негіздемесін алған күннен бастап жеті жұмыс күні ішінде уәкілетті органға келісу немесе келісуден бас тарту туралы хат жібереді.

31. Жұмыс берушінің жұмыстарды орындауға, қызметтерді көрсетуге арналған шарттарында, келісімшарттарында шарттың, келісімшарттың басқа әкімшілік-аумақтық бірліктер аумақтарында қолданылуы көрсетілмеген жағдайда, еңбек жөніндегі уәкілетті орган екі және одан көп әкімшілік-аумақтық бірлікте еңбек қызметін жүзеге асыру үшін шетелдік жұмыс күшін тартуға арналған рұқсатты беруге келісім беруден бас тартады.

32. Екі және одан көп әкімшілік-аумақтық бірлікте қолданылатын шетелдік жұмыс күшін тартуға арналған рұқсатты ұзарту не ұзартудан бас тарту туралы шешімді уәкілетті орган еңбек жөніндегі уәкілетті органның келісу немесе келісуден бас тарту туралы хатын алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде қабылдайды.

33. Бір әкімшілік-аумақтық бірлік шегінде қолданылатын рұқсатты алған жұмыс беруші оны екі және одан көп әкімшілік-аумақтық бірлікте қолдану туралы өтініш берген жағдайда уәкілетті орган еңбек жөніндегі уәкілетті органның келісу туралы хатын алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде жаңа нөмір бере отырып, бұрын берілген рұқсатты қайта ресімдеуді жүзеге асырады.

Бастапқыда берілген рұқсат уәкілетті органға қайтарылуға тиіс.

34. Шетелдік жұмыс күшін тартуға арналған рұқсат берілген шетелдік қызметкер жұмыс орнына келмеген немесе шетелдік жұмыс күшін тартуға арналған рұқсаттың қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін онымен еңбек шарты бұзылған жағдайда, осы кәсіп үшін белгіленген біліктілік талаптарына сәйкес келген кезде басқа шетелдік қызметкерге бастапқыда берілген рұқсаттың қолданылу мерзімінің қалған кезеңіне осы Қағидаларда белгіленген тәртіппен жаңа нөмір бере отырып, бұрын алынған рұқсатты қайта ресімдеуге рұқсат етіледі.

Бұл ретте жұмыс беруші осы Қағидаларда көзделген құжаттарды ұсынады. Бастапқыда берілген рұқсат уәкілетті органға қайтарылуға тиіс.

35. Уәкілетті орган бұрын берілген шетелдік жұмыс күшін тартуға арналған рұқсатты басқа шетелдік қызметкерге қайта ресімдеу туралы шешімді құжаттары қабылдаған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде қабылдайды.

36. Шетелдік жұмыс күшін тартуға арналған рұқсаттың мерзімін ұзарту үшін рұқсаттың қолданылу мерзімінің аяқталуына дейін кемінде жиырма жұмыс күнінен кешіктірмей «Е-лицензиялау» мемлекеттік дерекқоры» ақпараттық жүйесі арқылы не қағаз түрінде уәкілетті органға мынадай құжаттар жіберіледі:

1) өтініш;

2) өткен және ағымдағы күнтізбелік жылдары берілген рұқсаттардың орындалу мерзімі келген ерекше шарттарының (олар болған жағдайда) орындалуы туралы ақпарат;

3) кадрлардағы жергілікті қамту туралы ақпарат;

4) рұқсаттың мерзімін ұзарту негіздемесі;

5) сканермен көшірілген рұқсаттың нотариалды куәландырылған көшірмесі.

Ескерту. 36-тармаққа өзгерістер енгізілді - ҚР Үкіметінің 25.01.2013№ 44 *(алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 08.05.2013*№ 467 *(алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.*

37. Уәкілетті орган ұсынылған құжаттардың негізінде құжаттарды қабылдаған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде шетелдік жұмыс күшін тартуға арналған рұқсаттың мерзімін ұзарту немесе ұзартудан бас тарту туралы шешім қабылдайды.

Уәкілетті орган оң шешім қабылдаған жағдайда шетелдік жұмыс күшін тартуға арналған рұқсат он екі айға ұзартылады, бұл ретте рұқсаттың қолданылу мерзімі бұрын берілген рұқсаттың қолданылу мерзімі аяқталған күні басталады.

37-1. Уәкілетті орган шетелдік жұмыс күшін тартуға арналған рұқсаттың мерзімін ұзарту туралы шешім қабылдаған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде «Е-лицензиялау» мемлекеттік дерекқоры» ақпараттық жүйесі арқылы жұмыс берушіге рұқсатты не рұқсаттың мерзімін ұзарту туралы қабарламаны қағаз түрінде жібереді.

Жұмыс беруші рұқсатты ұзарту туралы жазбаша хабарламаны алған күннен бастап үш жұмыс күні өткен соң рұқсат алуға келмеген жағдайда, уәкілетті орган пошталық жөнелтілімді алу туралы хабарламаны ала отырып, рұқсатты жұмыс берушінің тіркелген мекенжайы бойынша пошта арқылы жібереді.

Ескерту. Қағидалар 37-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 25.01.2013 № 44 *қаулысымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).*

38. Шетелдік жұмыс күшін тартуға арналған рұқсат:

1) бөлінген квота мөлшерінен асқан;

2) жұмыс беруші осы Қағидалардың 8-тармағында белгіленген шарттарды сақтамаған жағдайда;

3) жұмыс беруші өткен және ағымдағы күнтізбелік жылдары берілген рұқсаттардың орындалу мерзімі келген ерекше шарттарын (олар болған жағдайда) орындамаған жағдайларда жүргізеді.

40. Шетелдік жұмыс күшін тартуға арналған рұқсат:

1) берілген мерзімі аяқталған;

2) рұқсат кері қайтарылған;

3) жұмыс беруші – жеке тұлға өз қызметін тоқтатқан, жұмыс беруші – заңды тұлға таратылған;

4) осы Қағидалардың 32, 34-тармақтарында көзделген;

5) жұмыс беруші рұқсатты уәкілетті органға өз ерікмен қайтарған;

6) жұмыс беруші осы Қағидалардың 27-тармағында белгіленген мерзімде шетелдік жұмыс күшінің Қазақстан Республикасын кетуіне кепілдік беретін құжаттарды ұсынбаған жағдайларда қолданылған тоқтатады.

41. Корпоративтік ауыстыру шеңберінде шетелдік жұмыс күшін тартуға арналған рұқсатты алу үшін пайдасына жұмыстар орындалатын, қызметтер көрсетілетін заңды тұлғаның өкілі осы Қағидалардың 9-қосымшасына сәйкес құжаттарды қоса отырып, «Е-лицензиялау» мемлекеттік дерекқоры» ақпараттық жүйесі арқылы не қағаз түрінде уәкілетті органға өтініш береді.

Ескерту. 41-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 25.01.2013№ 44 *қаулысымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізб

«ДАМУ» қорының кепілдігі – несие алудың мүмкіндігі

DAMU КӘСІПКЕРЛІКТІ ДАМЫТУ ҚОРЫ

Сіз – кәсібін жаңа бастаған кәсіпкерсіз бе?
Өз бизнесіңізді дамыту үшін, Сізге несие керек пе? Ал банк мамандары несие алу үшін Сіздің кепілзатыңыздың құны жеткіліксіз дейді.

Не істеу керек? Мұның шешімі бар!
Экспресс-кепілдік алу үшін «Даму» Қорына өтініш жасаңыз. «Даму» Қоры кепілзатыңыздың жеткіліксіз сомасының орнына берілетін кепілдікті бес күн ішінде мақұлдайды.

Өз ісін жаңа бастаған кәсіпкерлерге арналған экспресс-кепілдіктер

Өз ісін жаңа бастаған кәсіпкер – бұл құрылғанына мемлекеттік қолдауды алуға өтініш банкке берген уақытқа дейін бір жыл болмаған жеке кәсіпкер (заңды тұлға ретінде құрылмаған) немесе заңды тұлға.

НЕСИЕ	КЕПІЛДІК	НЕСИЕ БОЙЫНША МӨЛШЕРЛЕМЕ
20 млн теңгеге дейін, қоса есептегенде	несиенің 70%-на дейін	14%-ға дейін

НЕСИЕ МАҚСАТЫ		
1. Инвестициялар	2. Құрамдастырылған Инвестициялар және айналым қаражатын толтыру	3. Айналым қаражатын толтыру Салық, жалақы, несие өтелімі және т.б. төлемдерден басқа

КЕПІЛДІК МЕРЗІМІ:		«ДАМУ» ҚОРЫНЫҢ ӨТІНІШТІ ҚАРАУ УАҚЫТЫ
Инвестициялар бойынша 5 жылға дейін	Айналым қаражатын толтыру бойынша 3 жылға дейін	5 жұмыс күні

Кепілдікке ие болу шарттары:

БИЗНЕС САЛАСЫ	«Бизнестің жол картасы 2020» бағдарламасында көрсетілген басым бағыттар	
НЕСИЕ АЛУШЫЛАРҒА АРНАЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ТАЛАПТАР	Өзге де несиелер немесе лизингтік келісімдер бойынша мерзімі өткен борышының болмауы	Салық төлемдері, зейнетақылық жарна және бюджетке әлеуметтік төлемдер бойынша борыштың болмауы (10 АЕК дейінгі борыштарға рұқсат беріледі)
ҚОР КОМИССИЯСЫ	Кепілдік мерзімі 2 жылға дейін болған жағдайда кепілдік сомасының 0,5 %-ы Кепілдік мерзімі 2 жылдан артық болған жағдайда кепілдік сомасының 1%-ы	

(Адрес регионального филиала)
Қызылорда қаласы, Журба көшесі, 12.
Тел.: 55-11-18, 30-58-15.

Call-центр: 1408 (тегін)
Алматы: +7 (727) 244-55-77
info@fund.kz, www.damu.kz

NAZARBAYEV UNIVERSITY

Назарбаев Университеті УНИВЕРСИТЕТ АЛДЫНДАҒЫ ДАЙЫНДЫҚ ОРТАЛЫҒЫ мен МАГИСТРАТУРА бағдарламалары бойынша студенттерді қабылдай бастағанын хабарлайды

www.nu.edu.kz

Университет алдындағы дайындық орталығы

Бағдарламаны сәтті аяқтаған жағдайда бакалавриаттың мына мектептеріне оқуға қабылдау жүргізіледі:
Гуманитарлық және Әлеуметтік ғылымдар мектебі
Ғылым және Технологиялар мектебі
Инженерия мектебі

Онлайн тіркеу Университет сайтында
www.nu.edu.kz
2013 жылғы 1 қарашадан 2014 жылғы 30 қаңтарға дейін

Тел.: +7 (7172) 706182, 706184, 706328, 706357, 706673
E-mail: admissions@nu.edu.kz

Магистратура

ЖОҒАРЫ БИЗНЕС МЕКТЕБІ
Executive MBA (тіркеу 2013 жылғы 1 қазаннан 2013 жылғы 20 желтоқсанға дейін)
Тел.: +7 (7172) 709174, 709028
E-mail: mba.admissions@nu.edu.kz
anel.stambekova@nu.edu.kz

ЖОҒАРЫ МЕМЛЕКЕТТІК САЯСАТ МЕКТЕБІ
Мемлекеттік Саясат Магистрі (тіркеу 1 қарашадан 2014 жылғы 28 ақпанға дейін)
Тел.: +7 (7172) 709149
E-mail: nugspp_admissions@nu.edu.kz

ЖОҒАРЫ БІЛІМ БЕРУ МЕКТЕБІ
M.Sc. in Educational Leadership (тіркеу 2014 жылғы 1 наурыздан 1 мамырға дейін)
MA in Multilingual Education (тіркеу 2014 жылғы 1 наурыздан 1 мамырға дейін)
PhD in Education (тіркеу 2014 жылғы 1 наурыздан 1 маусымға дейін)
Тел.: +7 (7172) 709350
E-mail: gse@nu.edu.kz
gse.admissions@nu.edu.kz

ЖАРАМСЫЗ ДЕП ЕСЕПТЕЛСІН

Тубелбаева Гульнар Туребаевнаның атына Қызылорда қаласы, Аксуат ауылдық округі, Иманбердиев көшесі 66 үйге берілген жер учаскесіне жеке меншік құқығын беретін актісі (кадастрлық №10-156-066-2177) жоғалуына байланысты жарамсыз деп есептелсін.

***

Калжанов Ерлан Сайлауовичтің атына ашылған «Калжанов» ЖК-ның мөрі жоғалуына байланысты жарамсыз деп есептелсін.(Серия 09915 №0096986 СТН 331017959397 ЖСН 750110301597).

ҚЫЗМЕТКЕ КОНКУРС

Қармақшы ауданы әкімі аппараты бос мемлекеттік әкімшілік лауазымдарға орналасуға конкурс жариялайды.

Қармақшы ауданы әкімінің орынбасары, санаты Е-1 (индексі N 01-2) -1 (бір) бос орын.

Қызмет өткерген жылдарына байланысты лауазымдық еңбек ақысы 115 954-28 теңгеден 156 314-06 теңгеге дейін (экологиялық коэффициентті есептемегенде).

Функционалдық міндеттері:

Аудан аумағындағы индустриялық-инновациялық даму, құрылыс, өнеркәсіп, отын, энергетика, қысқы дайындық жөніндегі мәселелерді үйлестіру. Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан халқына жыл сайынғы дәстүрлі Жолдауынан туындайтын мәселелердің орындалуын қамтамасыз ету. Басшылық жасайтын салалар бойынша бағалау рейтингілік критерийлердің жоғары көрсеткіштерге жетуін қамтамасыз ету. Аудан аумағында құрылыс, сәулет және қала құрылысы жұмыстарының сапалы жүргізілуіне бақылау орнату. Аудан аумағындағы орналасқан заңды және жеке тұлғалардың жерге орналастыру жөніндегі өтініштерін қарау және бөлінген жердің тиімді пайдаланылуына бақылау жасау жөніндегі комиссиялары жұмысына басшылық жасайды. Елді мекендерді көркейту, көгалдандыру, ауыз және аяқ сумен қамтамасыз ету, жұмылдыру даярлығы және төтенше жағдайлар, табиғи монополия субъектілерінің қызметін реттеу, инвестиция тарту, бәсекелестікті дамыту және монополияға қарсы заңдылықты сақтау мәселелерін үйлестіру. Азаматтарды қабылдап олардың ұсыныстары мен арызшағымдарын қарап, олар бойынша тиісті шешімдер қабылдауды ұйымдастырады.

Конкурсқа қатысушыларға қойылатын негізгі талаптар:

Білімі – Жоғары заңгерлік немесе техникалық білімі (инженер-механик, инженер-құрылысшы, инженер-сәулетші, инженер-гидротехник).

Жұмыс тәжірибесі келесі талаптардың біріне сәйкес болуы тиіс:

1) мемлекеттік қызмет өтілі үш жылдан кем емес;

2) жоғары оқу орнынан кейінгі білім бағдарламалары бойынша Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы білім беру ұйымдарында мемлекеттік тапсырыс негізінде немесе шетелдің жоғары оқу орындарында Шетелде кадрлар даярлау жөніндегі республикалық комиссия бекітетін басым мамандықтар бойынша оқуды аяқтаған жағдайда мемлекеттік қызмет өтілі бір жылдан кем емес немесе ғылыми дәрежесінің болуы;

3) мемлекеттік органдарда басшылық немесе өзге лауазымдарда жұмыс өтілі бір жылдан кем емес;

4) осы санаттағы нақты лауазымның функционалдық бағыттарына сәйкес облыстарда жұмыс өтілі төрт жылдан кем емес, оның ішінде басшылық лауазымдарда бір жылдан кем емес.

Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасының Президенті туралы», «Қазақстан Республикасының Парламенті және оның депутаттарының мәртебесі туралы», «Қазақстан Республикасының Үкіметі туралы» Конституциялық заңдарын, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік қызмет туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы», «Әкімшілік рәсімдер туралы», «Нормативтік құқықтық актілер туралы», «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Заңдарын, осы санаттағы нақты лауазымның мамандануына сәйкес облыстардағы қатынастарды реттейтін Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін, «Қазақстан-2050» Стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты стратегиясын білуі.

Осы санаттағы лауазымдар бойынша функционалдық міндеттерді орындау үшін қажетті басқа да міндетті білімдер.

2. Қармақшы аудандық білім бөлімінің білім беруді дамыту секторының бас маманы, санаты Е-R-4 (индексі N 07-3) -1 (бір) бос орын.

Қызмет өткерген жылдарына байланысты лауазымдық еңбек ақысы 56 376 теңгеден 76 235 теңгеге дейін (экологиялық коэффициентті есептемегенде).

Функционалдық міндеттері:

Бөлімдегі мемлекеттік қызметшілердің мемлекеттік қызмет өткеруіне байланысты шешімдерін рәсімдейді, жеке істерін жүргізеді. Уәкілетті органға ұсыну үшін бос лауазымдар тізімін, бос лауазымдарды толтыру жөнінде және өзге де қажетті ақпаратты дайындайды. Аудан мектептеріндегі кадр қозғалысына бақылау жасайды, есебін алады, еңбек заңдылықтарына ережелеріне және бөлім бастығының бұйрығына сәйкес қызметкерлерді жұмысқа қабылдау, босату, еңбек кітапшаларына жазбалар жазу жұмыстарын жүргізеді. Еңбек өтілін анықтау, конкурстық, аттестациялық, тәртіптік комиссия жұмыстарын, бөлімге келіп түскен жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін тіркеу жұмыстарын жүргізеді. Ішкі кеңсе жұмысының тәртібін қадағалайды. Барлық білім саласына қарасты ұйымдардың құқықтық жұмыстарын заңдылықтарға сай қадағалау, практикалық көмек беру жұмыстарымен айналысады. Білім саласына қатысты барлық ұйымдарда құқықтық оқу жұмыстарын ұйымдастырады. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заңы, талаптарының орындалуына бақылау жасайды.

Конкурсқа қатысушыларға қойылатын негізгі талаптар:

Білімі - Жоғары заңгерлік білімі. Мемлекеттік қызмет өтілі бір жылдан кем емес, немесе осы санаттағы нақты лауазымның функционалдық бағытына сәйкес облыстарда екі жылдан кем емес жұмыс өтілі бар болған жағдайда ортадан кейінгі заңгерлік білімі барларға рұқсат етіледі.

Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасының Президенті туралы», «Қазақстан Республикасының Парламенті және оның депутаттарының мәртебесі туралы», «Қазақстан Республикасының Үкіметі туралы» Конституциялық заңдарын, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік қызмет туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы», «Әкімшілік рәсімдер туралы», «Нормативтік құқықтық актілер туралы», «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Заңдарын, осы санаттағы нақты лауазымның мамандануына сәйкес облыстардағы қатынастарды реттейтін Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін, «Қазақстан-2050» Стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты стратегиясын білуі.

Осы санаттағы лауазымдар бойынша функционалдық міндеттерді орындау үшін қажетті басқа да міндетті білімдер.

3. Қармақшы ауданы Төретам кенті әкімінің аппаратының бас маманы санаты Е-G-3 (индексі №12-4) -1 (бір) бос орын.

Қызмет өткерген жылдарына байланысты лауазымдық еңбек ақысы 53813,04 теңгеден 72391,35 теңгеге дейін (экологиялық коэффициентті есептемегенде).

Функционалдық міндеттері:

Қазақстан Республикасы Үкіметі бекітетін тізбе бойынша жануарлардың аса қауіпті ауруларының профилактикасы бойынша ветеринариялық-санитариялық іс-шараларды ұйлестіру, меншік иесіне қарамастан жануарлардың жұқпалы және жұқпалы емес аурулары бойынша эпизоотия жағдайын зерделеу және аса қауіпті аурулардан қорғау жұмыстарын жүргізу, ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру және компьютерлік базаға енгізу жөніндегі іс-шараларды ұйымдастыру және мал басының есебін нақтылап, қозғалысын жүргізу, жануарлардың энзотиялық аурулары бойынша ветеринариялық іс-шаралары, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізаттарды тасымалдау кезінде көлік құралдарын дезинфекциялау жұмыстарын, ветеринариялық емдеу жұмыстарын, профилактикалық алдын алу іс-шараларын, мал арасынан жұқпалы аурулар шыққан жағдайда карантиндік ветеринариялық-санитариялық шараларды жүргізу және ұйымдастыру, ветеринариялық биопрепараттардың кентінде жоспарлы мал басына сәйкес бөлінуін және талапқа сай сақталуын ұйлестіру, ауыл округінде мал жаятын жайылымдарды айқындау, елді мекен аумақтарын санитариялық тазалауды, шектеу салынған аймақтарда жұқпалы ауруларды жою шараларын жүргізу және мал сою алаңдары мен мал көмінділерінің талапқа сай болуын ұйымдастыру; базарларда, мал сою пункттерінде жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізаттардың ветеринариялық сараптау жұмыстарына қатысу; қаңғыбас иттер мен мысықтарды аулап, жою жұмыстарын, мал тұқымын асылдандыру және малдарды қолдан ұрықтандыру пункттерінің жұмыстарын ұйымдастыру және жүргізу; дезинфекция, дезинсекция, дератизация бойынша жеке және заңды тұлғаларға ветеринариялық-санитариялық іс-шараларды ұйымдастыру, денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті мемлекеттік органмен бірлесе отырып, халық денсаулығын жануарлар мен адамға ортақ аурулардан қорғауды ұйымдастыру және өзара ақпарат алмасуды жүзеге асыру, ветеринария мәселелері бойынша халықтың арасында ағарту жұмыстарын жүргізу; ветеринария және мал қозғалысына қатысты мәліметтер мен есептерді ай, тоқсан, жыл сайын тиісті аудандық және аумақтық бөлімдерге уақытылы беріп отыру.

Конкурсқа қатысушыларға қойылатын негізгі талаптар:

Жоғары ветеринарлық немесе зоотехникалық білім.

- Мемлекеттік қызмет өтілі бір жылдан кем емес немесе осы санаттағы нақты лауазымның функционалдық бағытына сәйкес облыстарда екі жылдан кем емес жұмыс өтілі бар болған жағдайда ортадан кейінгі ветеринарлық немесе зоотехникалық білімі барларға рұқсат етіледі.

- Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасының Президенті туралы», «Қазақстан Республикасының Парламенті және оның депутаттарының мәртебесі туралы», «Қазақстан Республикасының Үкіметі туралы» Конституциялық заңдарын, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік қызмет туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы», «Әкімшілік рәсімдер туралы», «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Заңдарын, осы санаттағы нақты лауазымның мамандануына сәйкес облыстардағы қатынастарды реттейтін Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін, «Қазақстан-2050» Стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты стратегиясын білуі;

-осы санаттағы лауазымдар бойынша функционалдық міндеттерінің орындалуы үшін қажетті басқа да білімдер;

-компьютерде жұмыс істей алу мен ұйымдастыру техникаларын күнделікті жұмыста қолдана білуі, үздік дипломымен бітіргендер қошталады.

Конкурс «Бос әкімшілік мемлекеттік лауазымға орналасуға конкурс өткізу және конкурс комиссиясын қалыптастыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері агенттігі Төрағасының 2013 жылғы 19 наурыздағы №06-7/32 бұйрығына сәйкес өткізіледі.

Конкурсқа қатысқысы келген азаматтар Қармақшы ауданы әкімі аппаратына келесі құжаттарды тапсырады:

1) өкілетті орган белгілеген нысандағы өтініш;

2) 3х4 үлгідегі суретпен осы өкілетті орган белгілеген нысанда толтырылған сауалнама;

3) білімі туралы құжаттардың нотариалдық куәландырылған көшірмелері;

4) еңбек қызметін растайтын құжаттың нотариалдық куәландырылған көшірмесі;

5) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің 2010 жылғы 23 қарашадағы №907 бұйрығымен бекітілген (Қазақстан Республикасының Нормативтік құқықтық актілердің тізілімінде 2010 жылы 21 желтоқсанда №6697 болып тіркелген) нысандағы денсаулығы туралы анықтама;

6) Қазақстан Республикасы азаматының жеке куәлігінің көшірмесі;

7) құжаттарды тапсыру сәтінде уәкілетті органмен белгіленген шекті мөннен төмен емес нәтижемен тестілеуден өткені туралы қолданыстағы сертификат.

Құжаттардың толық емес пакетін ұсыну конкурс комиссиясының оларды қараудан бас тартуы үшін негіз болып табылады.

Мемлекеттік қызметшілермен тапсырылатын осы тармақтың 3) және 4) тармақшаларында көрсетілген құжаттарды олар жұмыс істейтін мемлекеттік органдардың персоналды басқару қызметі (кадр қызметі) куәландыра алады.

Әңгімелесуге жіберілген кандидаттар осы кандидаттарды әңгімелесуге жіберу туралы хабардар ету күнінен бастап 5 (бес) жұмыс күн ішінде Қармақшы ауданы әкімі аппаратында мына мекен-жайда әңгімелесуден өтеді: 120500 Қармақшы ауданы, Жосалы кенті, Рысқұлов көшесі №2 А үй.

Конкурстық комиссия отырысының қорытынды мәжілісі әңгімелесу жүргізілгеннен соң 2 (екі) жұмыс күн ішінде өткізіледі.

Конкурсқа қатысу үшін қажетті құжаттар аталмыш хабарландыру соңғы жарияланған күнінен бастап 10 (он) жұмыс күні аралығында тиісінше мына мекен-жай бойынша тапсырылуы қажет. 120500 Қармақшы ауданы, Жосалы кенті, Рысқұлов көшесі №2 А үй, кабинет №19, 1-қабат.

Аталмыш лауазымдарға орналасқан азаматтар үшін көтерме шығындар төленбейді, тұрғын үй және жеңілдіктер ұсынылмайды.

Қармақшы ауданы әкімі аппаратының конкурстық комиссиясы.

«АГРАРЛЫҚ НЕСИЕ КОРПОРАЦИЯСЫ» АҚ

«Аграрлық несие корпорациясы» АҚ Қазақстан Республикасы Агроөнеркәсіптік кешенді дамыту жөніндегі («Агробизнес-2020») бағдарлама аясында аграрлық сектор субъектілерін қаржылық сауықтыру рәсімдері аясында өтінімдер қабылдауды бастағанын жариялайды.

✓ Рәсімдеуге 2013 жылғы 1-ші қаңтардағы жағдай бойынша қарызы бар ауылшаруашылығы тауар өндірушілері қатыса алады. Қаржылық сауықтыру кезінде қарыз мерзімі 9 жылға дейін ұлғайтылып және субсидия есебінен сыйақы мөлшері жылдық 7% -ке дейін азаюы мүмкін.

✓ Қаржылық сауықтыруға қатысуға тілек білдірушілер, өздері қарыз алған «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ орталық аппараты мен филиалдарына хабарласулары қажет.

✓ Қаржылық сауықтырудың рәсімдері мен шарттары туралы толық ақпаратпен www.agrocredit.kz сайтында, сондай-ақ, төмендегі телефон бойынша сұрап білулеріне болады

8 800 080 7080

(Қазақстан бойынша қоңырау шалу тегін).

ЖАРНАМА БЕРУШІЛЕР НАЗАРЫНА!

«Сыр медиа» ЖШС-ның жаңа ғимаратқа көшуіне байланысты облыстық «Сыр бойы» және «Қызылординские вести» газеттеріне жарнама қабылдау төмендегі жаңа мекенжайда жүргізіледі:

Сұлтан Бейбарыс көшесі, нөмірсіз (Назарбаев зияткерлік мектебінің жанында).

Жарнама телефондары: 70-00-49, 70-00-52.

Меншік иесі:
Сыр медиа
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ДИРЕКТОР
Аманжол ОҢҒАРБАЕВ
қабылдау бөлмесі тел/факс 70-00-36

Сыр бойы
Қызылорда облыстық газетінің редакциясы

БАС РЕДАКТОР
Жұматәли ӘБДІРАМАН
қабылдау бөлмесі 40-03-90

Бас редактордың орынбасары 70-00-43
Жауапты хатшы

бөлімдер:
руханият және ақпарат
экономика
әлеумет және саясат
жарнама - 70-00-49, 70-00-52
есеп-қисап 70-00-39, 70-00-38
заңгер
компьютер орталығы - 70-00-34
корректор бөлімі

меншікті тілшілер:
Арал, Қазалы: Жұмабек Табынбаев - 8724 38 2-34-07
Шиелі, Жаңақорған: Нұрмахан Елтай - 8724 32 4-59-51

e-mail: syrboyi@mail.ru
site: www.syrboyi.kz
Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген.
Тіркеу куәлігі №12993-Г, 27.08.2012 ж.
Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жарияланған газеттің түпнұсқасы сақталады.
Газет редакцияның компьютер орталығында қаттанып, "Сыр медиа" ЖШС өз баспаханасында басылды. Қызылорда қаласы, Сұлтан Бейбарыс көшесі, н/ж
Газеттің таралымына "Қазпошта" - 23-54-51, "Евразия-Пресс" - 27-62-84 жауапты.
Редакция мекен-жайы: Қызылорда қаласы, Сұлтан Бейбарыс көшесі, н/ж

Таралымы 21085
Тапсырыс № 11